

ЛЕНИН ТУУЫ

ҚАЗАҚСТАН КП СОЛТУСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСТЫҚ, ПЕТРОПАВЛ ҚАЛАЛЫҚ КОМИТЕТТЕРІНІҢ ЖӘНЕ ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫ ОБЛЫСТЫҚ СОВЕТІНІҢ ГАЗЕТІ

№ 137 (9714)

1955 жылғы 12 июль Сейсенбі

Шығуына 36 жыл. Жеке саны 20 тыйын.

Мектептерді жаңа оқу жылына үлгілі әзірлейік

Коммунистік партия мен Совет үкметінің күнбе-күнгі қамқорлығы арқасында бүкіл еліміздегі сыяқты облысымызда да жыл сайын мектептер мен оларда оқытатын оқушылар саны еселеп көбейіп келеді. Жыл сайын ауыл-селоарда жаңадан мектептер салынууда. Быйылғы жылы тек жаңа ұйымдасқан совхоздардың өздерінде ғана 17 мектеп үйі салынбақ. Сондай-ақ бұрынғы мектептер жабайып, күрделі жөндеулерден өткізіліп, олар көрінекі құралдармен және басқа қажеттермен толық қамтамасыз етілмек.

Бұл шұңдері облысымыздың мектептері жаңа оқу жылына қызу әзірленуде. Біздің елімізде мектептерді жаңа оқу жылына әзірлеу, оларға көмектесу бүкілхалықтық дәстүрге айналды. Сондықтан бұл жұмыстарға халық ағарту орындарымен бірге ауыл-село еңбекшілері, жалпы жұртшылық белсене атсалысып отырады.

Талдықорған облысының 28 гвардияшылар атындағы ауданының Панфилов атындағы ауылшаруашылық артелі колхозшыларының Қазақстанның барлық колхозшылары мен колхозшы әйелдеріне, совхоз, өнеркәсіп жұмысшыларына, инженер-техник қызметкерлеріне және барлық ата-аналарға мектептерді жаңа оқу жылына әзірлеу, олардың оқу-материалдық базасын нығайту ісіне көмектесуге шақырған үндеуі біздің облыстың еңбекшілері арасында қызу қолдау тапты. Бұл үндеу колхозшылардың, МТС, совхоз оқушыларының жыйналыстарында талқыланды. Мұнда олар мектепті жөндеу, жаңадан мектеп үйлерін салу жұмыстарына қаржы бөліп, оларды құрылыс материалдарымен қамтамасыз етуді және оған көмектесуді ұйғарды.

Ленин ауданындағы Ворошикий атындағы ауылшаруашылық артелінің колхозшылары өздерінің алған міндеттемелерін ойдағыдай орындап шықты. Колхозшылар мектеп үйі мен қорамдық интернатты күрделі жөндеуден өткізіп, мұғалімдер тұратын істер үйлер салып берді. Мектепті және интернатты қысқы отылыммен қамтамасыз етті. Сондай-ақ, осы ауданның «Трошичка Ильича» колхозының колхозшылары және Куйбышев атындағы

алып, оларды мектепке толық қамтуға аудандық оқу бөлімдері мен мектеп басшылары баса көңіл бөлуі тиіс. Өйткені, өткен жылы интернаттар мен жатақханалардың жетіспеуінен және келіп оқытатын оқушылардың толық тізімі алынбауы салдарынан бірқатар оқушылар оқуға тартылмай қалды. Мұндай жағдай, әсіресе, Петропавл, Соколов аудандарында кездесті. Аталған аудандардың оқу бөлімдері, олардың меңгерушілері Маслова, Декастро жолдастар өткен жылғы кемшіліктерден тиісті қорытынды шығармай, олардың быйылғы оқу жылында да қайталану қаупін туғызып отыр.

Облысымызда тың жерлердің көптеп игерілуіне байланысты жаңа жерлерге жұмыс істеуге тілек білдірген патриоттар санымен көптеп келуде. Жас жаңа қоныстанушылардың мектептерде оқып, әржақты, терең білім алуына толық жағдай туғызу жергілікті партия, совет ұйымдарының және халық ағарту орындарының күнбе-күн көңіл бөлетін мәселесі екені сөзсіз.

Өткен жылы жаңадан ұйымдастырылған 12 совхоздың бәрінде де мектептер ашылған еді. Быйыл тыңда тағы да жаңа совхоздар ұйымдастырылуына байланысты мектептер саны көбейе түседі. Оларда оқытатын оқушылардың саны да өткен жылдардағыдан едәуір артады. Сондықтан шәзірлі ең негізгі міндет сол жаңа совхоздарда мектеп үйі құрылыстарын салуды жеделдету болып отыр. Мұның үстіне кейбір бастауып, жетіжылдық мектептер жетіжылдық, орта мектептерге айналырылады. Бұл да бұрынғы мектеп үйлерін кеңейтуді керек етеді.

Осы жағдайларға қарамастан жаңа совхоздарда мектеп үйлерін салу жұмысы қанағаттанғысыз жүргізілуде. Бұл совхоздарда басқа құрылыстармен бірге мектеп үйлерін салуға тиісті Петропавл, Марьевка құрылыс трестерінің (директорлары Зисович, Корецкий жолдастар) қивәсінен мектеп үйлерін салу төзгісіз ұзаққа созылуда. Халық ағарту орындары мен құрылыс трестерінің мектеп үйлерін салуға немқетті қарауы себепті бұл мақсатқа бөлінген қаржының көбі жұмсал-

Вьетнам Демократиялық Республикасы үкмет делегациясының ССРО-ға келуі

ИРКУТСК, 9 июль (ТАСС). Президент Хо Ши Мин бастаған, Москваға келе жатқан Вьетнам Демократиялық Республикасының үкмет делегациясы бүгін Улан-Батордан Иркутскіге келді. Аэродромда делегацияны ССРО Жоғарғы Советі Президиумының Секретары Н. М. Перов, ССРО Сыртқы Істер Министрлігінің Протокол бөлімі меңгерушісінің көмекшісі К. А. Кочетков, еңбекшілер депутаттары Иркутск қалалық советі атқару комитетінің председателі Н. С. Патров, СОБП Иркутск облыстық комитетінің секретарьлары С. П. Шитинин, В. Е. Щербина, Иркутск облыстық атқару комитеті председателінің орынбасары А. Ф. Трусков, СОБП Иркутск қалалық комитетінің секретары А. С. Антипов, қала еңбекшілерінің көптеген өкілдері қарсы алды.

Вьетнам Демократиялық Республикасының үкмет делегациясын сонымен қатар ВДР-дің ССРО-дағы Төтенше және Полномочіелі Елшісі Нгуэн Лонг Банг қарсы алды.

Қарсы алу кезінде құрметті әскери қарауыл қойылды. Вьетнам Демократиялық Республикасы мен Совет Одағының Мемлекеттік Гимндері орындалды. Пионерлер қонақтарға гүл шоқтарын сыйлады.

Иркутск қаласы еңбекшілерінің атынан қалалық Советтің атқару комитеті председателі Н. С. Патров Президент Хо Ши Минді және ВДР үкмет делегациясының мүшелерін ССРО-ға келуімен қызу құттықтады. Ол өзінің сөзін былай деп аяқтады: «Қош келдіңіз, қымбатты Хо Ши Мин жолдас!».

Президент Хо Ши Мин орыс тілінде

сөйлеген жауап сөзінде былай деді: —Қымбатты жолдастар, достар!

Вьетнам Демократиялық Республикасының үкмет делегациясы сіздердің оған көрсеткен жалынды қолеметтеріңіз үшін сіздердің бәріңізге де шын жүректен алғыс айтады. Сіздерден вьетнам халқының шын жүректен жолдаған сәлемін қабыл алуларыңызды сұраймын. Ол Совет Одағы Коммунистік партиясының басшылығымен коммунизм орнатудың ұлы ісінде сіздердің бәріңіздің зор табыстарға жетулеріңізге тілектестігін білдіреді.

Совет Одағының Коммунистік партиясы жасасын!

Вьетнам және совет халықтары арасындағы достық жасасын!

Бүкіл дүние жүзінде бейбітшілік жасасын!

Коммунизм жасасын!

Жыйналғандар Хо Ши Миннің сөзін ду қолшалақтап қарсы алды. Президент Хо Ши Мин делегацияның мүшелеріне гүлдер сыйлаған пионерлер тобына жақындап келіп, оларға былай деді: «Пионерлер, дайын болыңдар!».

Бұған жауап ретінде балалардың бір кісідей айтыған: «Өр қашан да дайынбыз!» деген шат көңілді сөздері естілді.

Аэродромда және аэропортқа іргелес алаңда Вьетнам Демократиялық Республикасының қаһарман халқының құрметіне қызу қол шалақталуда. ВДР үкмет делегациясы және оған ерген адамдар қалаға қарай бет алды. Көшелерде Иркутскінің мыңдаған тұрғындары Президент Хо Ши Минді шын жүректен құттықтады.

ВДР үкмет делегациясының Новосибирскіге келуі

НОВОСІБІРСК, 10 июль (ТАСС). Республиканың Президенті Хо Ши Мин бастаған Вьетнам Демократиялық Республикасының үкмет делегациясы осында келді. Үкмет делегациясының қасында ССРО Жоғарғы Советі Президиумының Секретары Н. М. Перов, ССРО Сыртқы Істер Министрлігінің Протокол бөлімі меңгерушісінің көмекшісі К. А. Кочетков, со-

жалынды сәлем тапсыруыма және сіздердің бізді қызу қарсы алғандарыңыз үшін шын жүректен алғыс айтуыма рұқсат етіңіздер.

Вьетнам және Совет халықтары арасындағы достық жасасын!

Бүкіл дүние жүзінде бейбітшілік жасасын!

Хо Ши Миннің сөзін жыйналғандар ду

ТАБЫСТАРМЕН ҚАРСЫ АЛАЙЫҚ: Р. Райымбетов. —Мереке қарсаңында. И. Есламов.—Өндіріс жаңашылдары (2-бет).

А. Бушуев.—Мал шаруашылығы өнімдерін мол дайындау—аса маңызды міндет. (2-бет).

А. Домокуров.—Астық дайындаудағы және сақтаудағы біздің тәжірибеміз (3-бет).

ЖАҢА ОҚУ ЖЫЛЫНА БАРЛЫҚ ЖА-РЫНАН ТЫҢҒЫЛЫҚТЫ ӨЗІРЛЕНЕЙІК:

И. Залманов. — Жаңа совхоздарда мектептерге күнбе-күн көңіл бөлінісін. Ф. Жакин.—Оқу жылына үлгілі әзірленеміз (3-бет).

Р. Уәлиев. —Жөндеушілер арасында (3-бет).

ҚХР үкметі мен ВДР үкметінің бірлескен мазмұнамасы (4-бет).

ЮФХР Президенті мен Индияның Премьер-Министрінің бірлескен декларациясы (4-бет).

Шетел хабарлары (4-бет).

Облыс совхоздарында ауылшаруашылық жұмыстарының барысы туралы

1955 ЖЫЛҒЫ 10 ИЮЛЬДЕҒІ МӘЛІМЕТ (Жоспардың орындалу проценті)

Совхоздар	Дайындалған жемшөп (тонна есебімен)	Тың көтеру	Жүгері жегілету	Сүрлем құрылыстары	Томбайн жөндеу
Жданов	72,5	—	100,0	50,0	172,7
Мамлют	50,3	8,0	100,0	85,3	83,2
Чистов	30,0	66,6	100,0	82,0	71,0
Черкас	26,6	120,5	100,0	—	—
Явлевка	25,5	100,0	88,2	62,5	78,2
Тоқшын	19,9	62,0	83,4	45,2	100,0
Возвышен	19,6	75,0	100,0	116,5	78,0
Петропавл	19,0	—	100,0	70,2	57,1
Шағлы	18,8	200,0	100,0	81,1	60,9
Преснов	18,8	43,1	100,0	97,8	70,5
Торангүл	18,3	17,0	100,0	15,0	90,0
Пришнім	17,6	20,1	100,0	48,2	50,1
Қыялы	16,0	5,0	75,9	82,0	—
Докучаев	15,1	60,5	100,0	—	100,0
Степной	13,3	46,7	100,0	71,9	35,7
Буденный	11,8	50,3	100,0	9,8	46,1
Хрущев	10,8	68,5	30,0	100,0	100,0
Совет	10,4	100,6	100,0	96,1	81,0
Заря	10,2	106,3	64,2	10,0	—
Узынкөл	10,2	80,9	100,0	97,3	65,5
Тамань дивизиясы атындағы	9,2	109,5	100,0	—	—
Аманкелді	7,7	76,6	23,0	—	—
Қызылөскер	7,5	68,8	100,0	70,8	35,4
Тимирязев	7,0	74,0	100,0	—	100,0
Интернационал	6,4	—	100,0	—	100,0
Октябрь	5,9	36,1	100,0	73,8	103,8
Маленков	5,8	—	62,5	5,0	114,2
Москворецк	4,8	191,2	18,5	—	—
Қарағанды	3,6	23,6	100,0	37,8	45,0
Украин	3,4	100,0	100,0	—	100,0
Булаев	3,3	—	53,8	—	100,0
Жамбыл	1,7	39,7	100,0	16,6	—
Ленин	1,7	92,7	100,0	7,5	—
Ешім	1,2	107,1	18,1	91,6	—
Дзержинский	—	100,0	20,0	160,0	100,0
Молодежный	—	83,7	100,0	125,0	—
Марьевка	—	94,2	36,0	69,1	—

Мал азығын дайындаудың шешуші рөзін туды. Озат шаруашылықтар ашық күннің әрбір минутын тиімді пайдаланып, жемшөп дайындау жұмысын мейлінше қарқынды жүргізуде. Жданов совхозы тонна есебімен жемшөп дайындау жоспарын 72,5 процент, Мамлют совхозы

ланбайды. Қарағанды совхозында шабылған 1042 гектар шөптің 203 гектары ғана маяланған. Осы сыяқты, бірқатар совхоздарда шабылған шөптің 20-30 проценті маяланбай жатыр. Дзержинский Молодежный, Марьевка совхоздарының пішін шабуға кіріскеніне алтадан аса

мен жаңадан екі жетіжылдық мектеп үйін салып, оны пайдалануға берді. Колхозшылар мен механизаторлар бұл мектептердің оқу-материалдық базасын нығайтуды, оқу-тәжірибе участивтерін жаңауды және басқа қажеттерін өтеуді де өз міндеттеріне алды.

Алайда, істің жайы барлық жерде бұлай болмай отыр. Панфилов атындағы ауылшаруашылық артелі колхозшыларының мектептерді жаңа оқу жылына әзірлеу жөніндегі тамаша бастамасы Мамлют, Петропавл аудандарының бірқатар колхоздарында талқыланған да жоқ. Аталған аудандардың кейбір жергілікті партия, совет ұйымдары және аудандық оқу бөлімдері мен мектеп басшылары мектептер салу, оларды жөндеу және отынмен қамтамасыз ету жұмыстарын деркезінде қолға алып, бұларға еңбекшілерді белсене қатыстыруды ұйымдастыра алмай келеді.

Преснов, Копюхов аудандарында да мектептерді жаңа жылына әзірлеу ісі өте-мөте бауу жүргізілуде. Николаевка, Қарақоға орта мектептері (директорлары Олейников, Мәгашдаров жолдастар) мектеп жөндеу, жаңа оқу жылына әзірлік жұмыстарына әлі күнге шындап кіріскен де жоқ.

Жаңа оқу жылына әзірлік күндерінде жаңадан қоғамдық интернат салуға, сырттан келіп оқыйтын оқушылардың тізімін

Жергілікті сауда орындары оқу бөлімдерімен және мектептермен келісе отырып, мектептерге оқулықтар мен көрнекі құралдардың деркезінде жеткізілуін қамтамасыз етуге тиіс еді. Бірақ облыстық, аудандық тұтынушылар одақтары, олардың жергілікті жерлердегі сауда орындары бұл жұмысты да ойдағыдай ұйымдастырмай отыр. Қажетті оқулықтар мен көрнекі құралдар көбіне ауыл-село мектептеріне жеткізілмей, облыстық, аудандық тұтынушылар одақтарының қоймаларында жатып қалады.

Облыстық, аудандық оқу бөлімдерінің мектептерді жаңа оқу жылына әзірлеу ісіне басшылығы нашар. Оқу бөлімдерінің басшылары жергілікті жерлердегі құрылыс жұмыстарының барысын ақпартып қыла біледі, ауыл-селоларда жиірек болып, мектеп үйі құрылыстарын жеделдетуге көмектеспейді. Күні осы уақытқа дейін күрделі жөндеуден өткізілуге тиісті 55 мектептің алтауы ғана жөндеудің тек осындай себептермен ғана дәлелдеуге болады.

Жаңа оқу жылына аз-ақ күн қалды. Осы қалған қысқа мерзім ішінде мектептерді барлық жағынан жаңа оқу жылына үлгілі әзірлеу жергілікті партия, совет ұйымдары мен халық ағарту орындарының күше-күн көңіл бөлетін маңызды міндеті болып табылады.

Медицина кадрларын даярлау

ТАШКЕНТ. (ТАСС). Ташкенттің Молотов атындағы медицина институтында студенттердің кезекті 37-ші тобы оқу бітірді. 450-ге жуық адам дәрігерлік диплом алды. Олардың тең жартысы жергілікті ұлттың өкілдері. Жас дәрігерлер селолық ауруханаларға, Өзбекстанның өнеркәсіп орындарының денсаулық сақтау пункттеріне сонымен қатар Орта Азияның туысқан басқа да республикаларына, Қазақстанға, Россия Федерациясының қалалары мен селоларына жұмысқа жіберіліп жатыр.

Жұмыс істей бастағаннан бері институт он мыңдай дәрігер даярлап шығарды.

Сағаркандтың медицина институты мен Ташкенттің фармацевтика институты медициналық кадрлардың қатарын жыл сайын толықтыра түсуде. Республиканың оқу орындары бйымы жоғары және орта дәрежелі мамандығы бар төрт мыңдай маман-медицин даярлап шығарды. Республикада медицина қызметкерлерінің мамандығын онан әрі арттырудың мәселелеріне зор көңіл бөлінеді. 1955 жылдың ішінде дәрігерлердің мамандығын арттыратын Ташкент институтының өзінде ғана 900 хирург, педиатор, невропатолог, фармацевт қайта даярлықтан өтеді.

1905 жылға арналған жылжымалы көрмелер

ХАРЬКОВ. (ТАСС). Харьковтың мемлекеттік тарих музейі Ольховат және Петров аудандарына 1905—1907 жылдарының бірінші орыс революциясына арналған жылжымалы көрмелер жіберді.

Көрмелерде еңбекшілердің патша самодержавиясына, помещиктерге және капиталистерге қарсы революциялық күресін бейнелейтін документтер мен фотосуреттер экспонаттары қойылған.

Музей осындай 8 көрме ұйымдастырып, оларды аудандарға жіберді. Көрмелер колхоздарда, МТС және совхоздарда көрсетіледі. Көрмемен бірге барған музейдің ғылыми қызметкерлері 1905—1907 жылдардағы революция туралы, Харьков облысы еңбекшілерінің революциялық қозғалысына қатысуы туралы лекциялар оқуда.

нымен қатар Вьетнам Демократиялық Республикасының ССРО-дағы Төтенше және Полномочиеді Елшісі Нуэн Лонг Банг бірге еріп келе жатыр.

Аэродромда келгендерді Новосибирск қалалық Советі атқару комитетінің председателі В. И. Шевнин, СОКП Новосибирск облыстық комитетінің секретары Н. М. Улыбин, СОКП қалалық Комитетінің секретары М. Я. Бакутин, қала жұртшылығы мен еңбекшілерінің өкілдері қарсы алды.

Аэродром Вьетнам Демократиялық Республикасы мен Совет Одағының мемлекеттік жалауларымен безендірілді.

Қалалық Советтің атқару комитетінің председателі В. И. Шевнин Новосибирск еңбекшілерінің атынан қонақтарды құттықтады.

Вьетнам Демократиялық Республикасының Президенті Хо Ши Мин жауап сөзінде былай деп мәлімдеді:

—Қымбаты жолдастар! Біз сіздердің қалаңызда—советтік Сибирьдің тамаша астанасында болуымызға өте қуаныштымыз. Менің сіздерге вьетнам халқынан ең

қолпанақтап қарсы алды.

Новосибирскінің мектеп оқушылары Хо Ши Минге және делегацияның мүшелеріне гүлдер сыйлады.

Бүгін Президент Хо Ши Мин және делегацияның мүшелері Новосибирскімен танысты, оның көп қабатты әсем үйлер салынып жатқан 12 магистральдарын аралады. Қонақтар Обь арқылы салынып жатқан, ұзындығы бір километрден асатын көпірдің құрылысында болды. Көпір құрылысының бастығы А. Н. Грецов Президент Хо Ши Миннің көптеген сұрақтарына жауап берді және көпірдің бйылығы 1 октябрьге дейін әзір болатынын хабарлады. Кешкілікте Президент Хо Ши Мин және делегацияның мүшелері Новосибирскінің мемлекеттік опера және балет театрында болып, мұнда гастроль жасаушы Хабаровскінің музыкалы комедия театры қойған К. Лисковтың «Бораллина» спектаклін көрді. Көрушілер мен театрдың қызметкерлері Президент Хо Ши Минге және Вьетнам Демократиялық Республикасы үкмет делегациясының мүшелеріне овация жасады.

Ғылыми институттардың село құрылысшыларына көмегі

Қалалық және селолық құрылыс жұмысшылары кәсіподағының орталық комитетінің президумы еліміздің құрылыстарында жаңа техника мен өңбектің озат әдістерін енгізу туралы мәселе талқылады. РСФСР қалалық және селолық құрылыс ғылыми-зерттеу институты директорының орынбасары Чиж-Демидович пен құрылыстардың Украин ғылыми-зерттеу институтының директоры Горский жолдастар баяндама жасады.

Институттардың коллективтері соңғы уақытта құрастырмалы темірбетон қолдануға, жаңа конструкциялар жасауға, жұмыстарды механикаландыруға және жұмыстың сапасын жақсартуға, селолық құрылыста жергілікті материалдарды кеңінен пайдалануға байланысты 30-ға жуық еңбек жазды.

Ғалымдар өндірістің инженерлерімен және жаңашыл жұмысшыларымен ынтимақтаса отырып машина-трактор стан-

цияларындағы құрылысты құрастырмалы конструкциялар қолдана отырып, үдемеді әдіспен жүргізудің технологиясын белгіледі.

Бйылығы жылы ғалымдар строилдердің, терезе жақтауларының және басқа ұсақ бөлшектердің құрастырмалы темірбетон конструкцияларын жасаумен, қамыстан құрылыс бөлшектерін жасаудың технологиясын жетілдірумен, жергілікті материалдармен селодағы үйлердің конструкцияларын жасаумен шұғылдандуда.

Кәсіподақ орталық комитетінің президумы құрылысшылардың тәжірибесін кеңінен алысу және өңбектің озат әдістерін тарату жөнінде шаралар белгіледі. Бұл үшін құрылыстарда ғылыми-техникалық советтер құру, жаңашылдардың табыстары баяндалған информациялық бюллетеньдерді, жітапшалар мен плакаттарды үнемі шығарып тұру қажет деп танылды.

(ТАСС).

Т. Драйзердің шығармалар жыйнағы

Мемлекеттік көркем әдебиет баспасы аса көрнекті американ жасушысы Т. Драйзердің шығармалар жыйнағын басып шығаруды аяқтады. Бұл жыйнаққа сегіз роман, «Азат ету», «Өнекі», «Үлкен қаланың бояулары», «Шынжыр», «Өйелдер галереясы» жыйнақтарынан алынған әңгімелері, мақалалары мен сөздері енгізілген.

(ТАСС).

Соңғы, он екінші томьында 1936-1944 жылдарда жазылған публицистикалық шығармалар енгізілген. Олардың едәуір бөлегі, оның ішінде «Американы құтқару тұрарлық іс» кітабынан алынған тараулар орыс тілінде бірінші рет басылды.

—30,3 және Чистов совхозы 30 процент орындады. Бұл совхоздар шабылған шөптерді іле майлап, мал қоралары жанына тасуда.

Дегенмен бірқатар совхоздың директорлары мен бастауыш партия ұйымының секретарьлары мал азығын дайындау ісін бетімен жіберген. Осы күнге дейін Қарағанды совхозында 3,6 процент, Октябрьде—5,9 процент, Кызылөскерде—7,5 және Ұзынкөл совхозында—10 процент қана мал азығы дайындалған.

Бұл совхоздардағы техника күші басқалардан ешбір кем емес, бірақ олар іске тиімді пайдаланылмайды. Еңбектің дұрыс ұйымдастырылмауынан жұмыс нормалары орындамай жүр. Шабылған шөп тіреде жатып құрап кетеді, мезгілінде мая-

уақыт өтсе де, әл бір тонна да шөп қолданбаған. Көк құрақ, ағаш бұтақтары сыяқты бағалы мал азығын дайындау ісі мүлдем жүргізілмеген. Жемшөп сүрлеу ісі Шағлы, Жамбыл совхоздарында ғана басталды. Сүрлем құрылыстарын салу Буденный, Қарағанды тағы басқа совхоздарда мүлдем қанағаттанғысыз жүргізілуде.

Уақыт күтпейді. Ең қызу еңбек кезеңі—егін жыйнау мен астық тапсыру науқаны таялып келеді. Бұл жұмысты ойдағыдай атқару үшін жемшөп дайындау, сүрлем құрылыстарын салу және жемшөп сүрлеуді пұғыл аяқтау қажет. Тың көтеру және оны өңдеу жұмыстары таяу күнде аяқталуға тиіс.

Облыс колхоздарында ауылшаруашылық жұмыстарының барысы туралы

1955 ЖЫЛҒЫ 10 ИЮЛЬДЕГІ МӘЛІМЕТ
(Жоспардың орындалу проценти)

Аудандар	Дайындалған жемшөп (тонна ессобіле)	Ағаш бұтақтарын дайындау	Траншея қауу	Жүгеріні ендіріп өңдеу	Тың көтеру	Комбайн жөндеу
Полудень	29,9	1,5	62,5	37,2	76,6	62,8
Соколов	23,7	1,8	42,9	28,5	51,7	73,2
Копюхов	23,6	0,2	70,7	25,0	47,5	66,2
Петропавл	23,6	6,2	41,6	48,7	39,2	56,3
Мамлют	18,0	0,7	58,1	4,1	78,6	63,5
Ленин	17,0	0,3	53,6	47,5	77,8	68,1
Октябрь	15,6	0,6	59,8	44,2	80,1	65,0
Преснов	15,2	0,4	55,5	57,8	49,8	71,7
Приешім	15,2	0,5	42,5	60,5	66,7	62,2
Совет	12,6	0,9	69,4	47,8	68,8	63,2
Булаев	9,7	3,2	43,4	19,1	73,6	73,8

Өткен аптада пішен дайындау қарқыны арға түсудің орнына қанағаттанғысыз жүргізілді. Сондықтан мұнда алда өткен аптадан 23711 гектар шөп кем шабылды.

Әсіресе Булаев ауданының колхоздарында жұмыс нашар жүрді. Мұнда жоспарлы жемшөптің 9,7 проценти ғана дайындалған. Аудандық партия комитетінің секретары Имақов, аудандық атқару комитетінің председателі Қизатов, МТС директорлары Лепехин, Елжин жолдастардың мұндай маңызды істі ұйымдастыруға мән бермеуі салдарынан аудан облысы бойынша ең соңда келеді.

Тамаша шабындық жерлері бар Совет ауданының колхоздарында 12,6 процент қана пішен дайындалған. МТС директорлары мен көптеген колхоздың председателдері барлық мүмкіншілікті пайдаланып, пішенді мол дайындау орнына шөптің өнім аз деген залалды пікірдің шығуында жүр.

Приешім, Преснов және Октябрь аудан-

ның колхоздарында да жұмыс өте баяу жүргізілуде.

Қоғамдық малға аса бағалы азықтың бірі—сүрлем. Бірақ Петропавл МТС-нің директоры Данилов, Интернационал МТС-нің директоры Горохов және Булаев МТС-нің директоры Лепехин жолдастардың бұл іске жауапсыз қарауы салдарынан сүрлем құрылыстарын салу жұмысы небары 25-34 процент қана орындалып отыр.

Облыс МТС-теріндегі маман кадрлар және қуатты техника пар жыртуды 1 июльде аяқтауға толық мүмкіндік берді. Бірақ, МТС директорларының, бас агрономдардың және инженерлердің тракторларға жоспарлы техникалық күтім жасау істерін дұрыс жүргізеуі, трактордың бос тұруына жол беруі салдарынан пар жырту жоспары 10 июльде 68,6 процент қана орындалды, оның ішінде тың—67 процент. Әсіресе Преснов, Копюхов және Петропавл аудандарының колхоздары тың және тыңайған жерлерді жыртуды өте баяу жүргізіп келеді.

П А Р Т И Я Т Ұ Р М Ы С Ы

Партия ұйымдары нығаюуда

Куйбышев атындағы МТС қамтытын колхоздардың бастаушы партия ұйымдары колхоз өндірісінде зор жетістіктерге жеткен, еңбек үстінде сыналған бірқатар алдыңғы қатарлы жолдастарды СОКП мүшелігіне қабылдады. СОКП мүшелігіне қабылданғандардың бірі трактор бригадасының бригадирі З. Ташетов жолдас. Ол еңбекте зор табыстарға ие болған, қабілеті мол, жақсы ұйымдастырушы. Ташетов жолдас басқаратын трактор бригадасының коллективі көктемгі дала жұмыстарын аброймен орындап шықты. Көзір оның бригадасы мал азығын дайындауда алдыңғы қатарлы бригаданың бірі болып келеді.

Ташетов жолдас партияға өтер алдында: «біз бригаданың барлық машиналардың техникалық күтімін жақсартып, тапсырылған міндеттемелерді мүлтіксіз, сапалы етіп орындау үшін күресеміз. Социалистік жарыс туын жоғары ұстап, МТС-тегі басқа бригадалардың барлығынан озып шығу жолында қажырлы еңбек етеміз. Сөйтіп, партияның сенімін іс жүзінде ақтаймыз» деп мәлімдеген болатын. Ташетов жолдас көзір бұл мәлімдемесін толық орындап жүр. Оның бригадасы «Бұлақ» колхозында жұмыс істейді. Бригада коллективі көктемгі дала жұмыстарын МТС бойынша бірінші болып аяқтады. Әрбір 15 аттық күші бар трактормен жұмсақ жерге шаққанда 277 гектар жер жыртып.

Бригада коллективі бұл күндері колхоздың шабындық далаларында пішен ору жұмысын жүргізуде. Олар көзірдің өзінде маусымдық тапсырманы 80 процент етіп орындады. Қажырлы еңбек еткен Ташетов жолдасының бригадалық коллективі маусымдық жұмыстар басталғаннан бері Ауыс палы қызыл туды қолдан шығармай келеді.

«Бірінші май» ауылшаруашылық арте-

линдері товарлы-сүт фермасында қоғамдық малдың күтімі нашар болды. Яғни малдың қондылығы төмен, алынатын өнім аз, тіпті мал басының шығын болуына жол берілді. Бастаушы партия ұйымы фермадағы бұл қиындықты жою үшін СОКП мүшелігіне кандидат Головченконы және бірнеше комсомолдерді фермаға жіберді. Головченко жолдас комсомолдермен бірлесе отырып, товарлы-сүт фермасындағы орын алған кемшіліктерді жойып, жұмысты алға бастырды. Ол ең алдымен мал өсірушілердің ұйымдасқан берік коллективін топтастырды. Олардың арасында социалистік жарысты өрістетті. Жұмысқа деген ынтылалығын арттырды. Озат мал өсірушілердің, сауыншылардың тәжірибелерін кеңінен насихаттады. Малдың жем-азығын ысырапқа ұшыратпай жеткілікті етіп беріп отырды. Осының нәтижесінде қоғамдық малдың қондылығы артып, алынатын өнім мөлшері де бұрынғыдан молая түсті. Тек бес айдың өзінде ғана фермадағы сауыншылар әрбір сауын сыйырдан 875 литр сүт алды. Ал Блонская сыяқты озат сауыншы өзінің қарауындағы әрбір сыйырдан 1041 литр сүт сауды. Головченко жолдасының фермадағы осындай қажырлы еңбектерін бағалай отырып, бастаушы партия ұйымы оны СОКП мүшелігіне қабылдады.

«Совет» колхозының шопаны Новохацкий, жетіжылдық мектептің мұғалимасы Сидоркина, «Красный сибиряк» колхозының колхозшысы Стаценко және тағы басқа да көптеген жолдастар туралы да осыны айтуға болады. МТС қамтуындағы колхоз бастаушы партия ұйымдары партия қатарын алдыңғы қатарлы өндіріс озаттары есебінен нығайта түсуде.

И. РЫБАНОВ.

ҚКП Ленин аудандық комитетінің Куйбышев МТС-і аймағындағы секретары.

„Үгітші блокнотының“ арнаулы номері

«Союзпечатьтің» киоскілеріне, почта бөлімшелеріне «Үгітші блокнотының» 1955 жылы егін жыйнауды өткізуге арналған номері (орыс және қазақ тілдерінде) түсті. Блокнотты Қазақстан КШ Орталық Комитетінің насихат және үгіт бөлімі шығарған. Мұнда «Астық—біздің байлығымыз бен күшіміз» атты басмақала берілген.

«Өңіміе өткізу үшін материалдар» атты бөлімде Қазақ ССР ауыл шаруашылығы министрі Г. Мельниктің «Егін жыйнау мерзімін және колхоздарға жаңа егіннің мейрабын қысқарту жолдары» деген ма-

мақалалары, Жамбыл облысы, Ленин атындағы совхоздың комбайншысы В. Пролетарскийдің «Әрбір комбайнға үшінші тазартқыш орнатамыз» деген әңгімесі және басқа да бірқатар мақалалар бар.

Павлодар облысының Лозовский ауданындағы Надаров МТС-нің комбайншысы П. Музыка жолдас өзінің мақаласында егін жыйнау мерзімін қысқарту үшін жұмыс уақытын үнемді пайдалану керектігін, уақыттың әрбір минутын босқа жібермей, комбайн агрегаты коллективінің әрбір мүшесінің жұмысты шығару істеуі үшін қажетті екенін баяндайды.

Комсомолдер фермаларға жемшөп тасуда

ЖАМБЫЛ, (ҚазТАГ). Пішен тиеген керуендер Шу ауданының Молотов атындағы колхоздың мал фермаларына бірінен соң бірі келуде. Әбіке Сабралиевтің комсомол-жастардан құралған транспорт бригадасы фермаға үздіксіз пішен тасыйды. Жай жемшөп дайындау басталғаннан бері бригада мал қораларына көзірдің өзінде 50 мың центнерден аса пішен тасыды. Жас арбақештер Мағаз Абсатов, Қадырбай Қарымсақов, Айтқан Сапақов күн сайын нормадағы төрт рет орнына 6—7 рет пішен тасып еңбекте үлгі көрсетуде.

Осы ауданның «Мойынқұм» ауылшаруашылық артелиінде мал базаларына пішен тасу қызу қарқынмен жүргізілуде. Мейірақ Садыровтың жастардан құралған транспорт бригадасына колхоз басқармасы 11 арба бекітіп берді. Барлық арбақештер мен мая үюшілер күнделікті тапсырманы асыра орындауда.

Комсомолдердің инициативасы бойынша облыстың 60 колхозында жастардан құралған транспорт бригадалары жұмыс істейді. Олар негізінен жетіжылдық және орта мектептердің мал қыстауға ойдағыдай әзірленуде колхозшыларға көмек көрсетуге тілек білдірген жоғары класс оқушыларынан құралған.

Колхоздағы жұмысқа келеді


АҚТӨБЕ, (ҚазТАГ). Облыстың колхозшылары партияның шақыруымен колхоздарда жұмыс істеуге тілек білдірген, сойтіп деревнядағы жұмысқа келгендерді қуанышпен қарсы алуда. Ауыл шаруашылығындағы практикалық жұмысқа зор тәжірибесі бар еріктілердің бір тобы практикандан өткізілместен колхоздарға жұмысқа жіберілді. Родников ауданының Ленин атындағы колхоздың жалпы жыйналысы зоотехник А. Л. Малиновскийді басқарманың председателі етіп сайлады, ол бұған дейін облыстық ауылшаруашылық басқармасының ұйымдастыру-колхоз істері басқармасының бастығы болып істеген. Облыстық атқару комитеті председателінің бұрынғы орынбасары С. Ф. Старчиков Темір ауданының «Победа» колхозының председателі, Ал Мартөк аудандық атқару комитеті председателінің орынбасары Х. Арысланов Мартөк ауданының «Жанатаң» колхозының председателі болып сайланды.

Жаңадан сайланған председателдер өздерінің міндеттерін орындауға кірісеті.

Совхоздағы су станциясы

АТҒАСАР, (Ақмола облысы), (ҚазТАГ)

ТЕМІРЖОЛШЫЛАР КҮНІН ЛАЙЫҚТЫ ТАБЫСТАРМЕН ҚАРСЫ АЛАЙЫҚ!



Петропавл темір жол торабы арқылы халық шаруашылығына қажетті жүктер тасуда тепловоздар барған сайын кеңінен пайдаланылуда. Тепловоздармен күн сайын бірнеше ондаған мың тонна жүктер тасылады.

СУРЕТТЕ: Қарағанды көмірі тиелген состав тіркелген тепловоз Петропавл-Макушино участогіне сапарға шығып бара жатыр.

Суретті түсірген А. Розенштейн.

Мереке қарсаңында

Бүкілодақтық теміржолшылар күні жақындап келеді. Миллиондаған совет теміржолшылары бұл күнді өндірістері лайықты табыстарымен қарсы алуды көздеп отыр. Сол мақсатпен техника күшін неғұрлым сарқа, тиімді пайдалану, вагон айналымын тездету, халық шаруашылығына қажетті жүктерді мезгілінде және көп тасу, жолаушылар поездарын алып жүруді тездету және жолаушылардың мәдениетті қамту жолындағы социалистік жарыс барған сайын кең өріс алып келеді.

Петропавл темір жол торабы арқылы өтетін поездарды жүргізуде өткен май, июнь айларында едәуір кемшіліктер орын алды. Еңбек ұйымдастыру, социалистік жарысты жаңадандыру, коллективтің материалдық-тұрмыстық жағдайын қамқорлық көрсетіп отыру ісіне басшылықтың нашар болуы салдарынан жол торабы арқылы өткен поездар жоқпардың небары 55-60 процентідей ғана болды.

Коллектив адамдары июнь айының екінші жартысында теміржолшылар күнін қарсы алу мақсатымен жұмыста кездескен кемшіліктерді дереу жоюға және оны кездестірмеуге нақтылы шаралар белгілеп, жүзеге асырды. Жол торабының әртүрлі мамандықтағы барлық адамдары мереке алдындағы вахтаға тұрды.

күннен-күнге көбейе түсуде. Олардың қатарына Макушино участогіндегі диспетчер Мухин, Есілжол участогінің диспетчері Саплинов жолдастарды қосуға болады. Бұлар талудағы күндерде станцияларына келген поездардың 100 процентке дейін бөгетеіз жүріп тұруын қамтамасыз етуді міндеттеп отыр.

Вагон жөндеу депосының жөндеуші адамдары июнь айына белгіленген өндірістік тапсырманы мерзімінен бұрын орындап, июльдің бірінші күнінен бастап мереке қарсаңындағы социалистік жарысқа қосылды.

Мұнда Леонид Бабушкин жолдас басқаратын вагондарды жылдық жөндеуден өткізетін цех коллективі үздік еңбек етіп, коллективтің сый-құрметіне бөленіп жүр. Олар июль айының өткен сегіз күнінің өзінде 42 вагонды жылдық жөндеуден өткізді. Бұл бір айға берілген тапсырманың жартысына жуығы. Цехта басқалардан гөрі Молоткова жолдас басқаратын бригада ерекше көзге түсті. Бұл бригада адамдары жөндеп шығарған вагондардың 90 проценттен астамы тек жоғары сапада қабылданады. Цехтағы Гладилова жолдас басқаратын бригаданың жұмыс көрсеткіші де көңіл толараықтай.

1955 жылдың бірінші жартысында Петропавл станциясының таразышылары

Өндіріс жаңашылдары

Слесарь Михаил Иванович Солдатов Петропавл паровоз депосына жұмысқа бұдан 36 жыл бұрын келген-ді. Содан бері ол өзінің мамандығын ойдағыдай меңгерді. Ол жас кезінен бастап жаңалық табу өнерімен шұғылданды.

Бұдан 20 жыл бұрын Михаил Иванович Солдатов паровоздың қайнату түтікшесін тазалайтын ауа пневматика түтікшесін ойлап тапты. Ол уақытта шейбір инженерлер, бұл түтікшеге жете назар аудармады. Бұл жаңалықты өз жұмыстарына қолдана білген көптеген паровозшылар бұған қуанды. Машинистер, басқа цехтың жұмысшылары да оған келіп алғыс айтып жүрді.

Біраз уақыт өткеннен кейін пневматика түтікшесі тәуір көрсеткіш беріп, өндіріске қабылданды. Қатардағы слесарь ойлап тапқан жаңалық жұмысшылардың еңбегін жеңілдетумен қатар, өндіріс орындарына ондаған мың сом пайда келтірді.

...Аспаптар цехының сол жақ бұрышында орналасқан Михаил Иванович Солдатовтың слесарь станогінің жанында, құндақта кішкене пневматика түтікшесі жатыр.

—Міне, менің ойлап тапқан аспабым, —дейді әлгі түтікшені көрсетіп Михаил Иванович, —өзіңіз көріп тұрғандай, мұның ештеңе ерекшелігі жоқ. Бірақ өндіріс ондаған жылдар бойы бұған мұқтаж болды.

Соңғы жылдарда да Солдатов өндіріске 15-тен аса жаңашыл ұсыныстар енгізді. Көзірде Михаил Иванович социалистік жарыс озаттарының бірі. Ол еменалық тапсырманы үнемі 1,5—2 есеге орындайды.

Михаил Иванович Солдатов істейтін аспаптар цехы жаңашылдар цехы деп аталуы заңды да. Цехтың көптеген жұмысшылары өндіріске жаңалықтар енгізіп, еңбек өнімділігін арттыруға көмектесуде. Мысалы, слесарь Василий Риндин, Григорий Тесля, Александр Белякин сыяқты жолдастардың жаңашыл ұсыныстары өндіріске кеңінен қолданылуда.

Паровоз жөндеуде қиын операциялардың бірі —паровоз тендерларының астындағы фрикция аспаптарын ауыстыру. Оның салмағы 130 килограмм, сондықтан оны орнына қоюдың өзі де қиыншылыққа түсетін еді. Бұрын оны жөндеуге 4-5 адам, 4 сағат уақыт керек болатын. Цехтың бір топ жаңашылдары оны жөндеудің жаңа жолын тапты. Көзірде фрикция аспаптарын ауыстырып, орнату екі жұмысшы бір сағатта істейді.

қаласы бар. Онда егінді мейізінде жұмыс істейтін астықтың ысырап болуына қарсы күрес жүргізу жөнінде, комбайншылардың табысты жұмыс істеуі және комбайндарды өнімді пайдалану үшін жағдайлар жасау жөнінде, комбайншылардың сменалық нормаларын 1,5—2 есе асыра орындауы жөнінде республика еңбекшілерінің алдында тұрған міндеттер айтылады. Сондай-ақ бұл бөлімде ОСРО Дайындау министрлігінің Қазақ ССР-ындағы өкілінің орынбасары П. Ильиннің «Астық дайындау жоспарын мерзімінен бұрын орындайық» деген мақаласы жарияланған.

«Озаттар трибунасы» деген бөлімде А. Понятаевтың «Егін жыйнауды ең қысқа мерзімде өткіземіз», М. Целураның «Комбайндар тобымен егін жыйнаудағы тәжірибеміз», П. Музыжаның «Комбайн тәулігіне 20 сағат жұмыс істейді» деген

Блокнотта «Үгіт жұмысының тәжірибесінен» атты бөлім тартымды болып шыққан. Мұнда Николаев жолдастың «Үгітшілер комбайн агрегаттарында», К. Еслямханов жолдастың «Дала қостарындағы үгіт пункттері» атты мақалалары бар.

«Мамандар кеңесі» деген бөлімде Е. Духовтың «Егін жыйнауды ұйымдастыру», П. Гордиенконың «Тары жыйнаудың ерекшеліктері», Д. Глейберзон мен Г. Косенконың «Комбайндармен жапырылған егінді жыйнау» Ф. Куксенконың «Жүтері өсісін жыйнауды және сақтауды қалай өткізу керек» деген мақалалары жарияланған.

«Үгітші блокнотының» арнаулы номері насихатшылар мен үгітшілер үшін бағалы көмекші құрал болып табылады.

Ғ. ҚАРАТАЕВ.

Елсіз өлкедегі Қоржынкөл көлінің маңы бйылы жылы мықтап өзгерді. Көл жағасындағы қоға қамыстар шауып алынып, суға тұнған көтерген шөптен тазартылды. Бұл сәулесі судың мөлдір айдынына еркін түсетін болды. Осының бәрі Бауман астық совхозына жаңадан қоныстанған жастардың қолымен істелген іс. Олар көлде су станциясын салды. Мұнда совхоздың суға жүзушілері жаттығады.

Көлде алғашқы қайықтар да суға түсірілді. Бұларды Ленинградтың спортшылары жаңадан қоныстанушыларға сыйға тартты. Жігіттер мен қыздар ескек өнерімен ынта қойып шұғылданады. Шаруашылықтың жүзге жуық жас құрылышы, тракторшы, тіркеушілері суға жүзу және ескек спорты жөнінен болатын жарыстарға әзірленіп жатыр.

Июль күні жол торабынан тракторшылардың 61,4 процент поезд өтсе, 3 июль күні 72 процент, 5 июль күні 78 процент, ал 7 июль күні 85 процентке дейін поездардың бөгетсіз өтуі қамтамасыз етілді. Сөйтіп, соңғы бір жетінің өзінде графикті орындау 20 процентке дейін өсті.

Мұнымен бірге, вагондардың жол торабында бөгіліп тұрып қалуы бұрынғысынан 10 процент кеміді. Поездардың техникалық жылдамдығы 2 километрге жуық арттырылды. Жүк тиелетін вагондардың айналымы 4 процентке дейін жақсарды.

Өндіріс жұмыстарында өздеріне міндеттелген тапсырмаларды аброймен орындап жүрген адамдар саны жол торабында

вагондарға жүкті тартып алуға 300 вагон үнемделді. Бұл үнемделген вагондармен нормадағыдан тыс 9 мың тонна жүк жөнелтілді.

Вагондарға жүктерді тығыздал тиелеу таразышылар Демченко және Кузнецов жолдастар көзге түсерліктей еңбек етті. Олар өз міндеттерін асқан шеберлікпен атқарады. Бұлардың әрқайсысы кәзірдің өзінде 30-35-тен астам вагон үнемдеді. Июльдің алғашқы күндерінен бастап Бүкілодақтық теміржолшылар күнін өнтіретін жаңа табыстарымен қарсы алуға жарысқан таразышылар әрқайсысы 2-3 вагон үнемдеп отыр. Бұл өндіріс озаттарының тәжірибелерін жүк тиеуде жүрген басқа адамдар да қолдана бастады.

Р. РАЙЫМБЕТОВ.

сериялы паровоздың желдеткіш дөңгелегін тасыйтын жеңіл арба істеп шығарды. Бұл жаңа әдіс желдеткіш дөңгелектің техникалық хауісіздігімен қатар, оны тасыйтын 4 кісінің үшеуін басқа жұмысқа ауыстыруға мүмкіндік тудырды.

Цехта сменалық тапсырманы орындай алмайтын бірде-бір адам жоқ. Кәзірде 25 жұмысшы бесжылдықтың тапсырмасын орындап шықты. Ал слесарь Михаил Иванович Солдатов, Петропавл қалалық Советінің депутаты жонұшы Лидия Пятилетова және басқалары 10-13 жылдың тапсырмасын орындап, 1965-1967 жылдардың есебіне өнім беріп жүр. Дөңгелек басқа цехтары мен бригадалары олардың үлгі алуға.

И. ЕСЛАМОВ.

Мал шаруашылығы өнімдерін мол дайындау — аса маңызды міндет

Партиямыз бен үкметіміз мал шаруашылығын өркендетуге, әсіресе ет, сүт және басқа да мал шаруашылығы өнімдерін өндіруді ұлғайтуға айрықша маңыз беріп отыр. Бұл жөнінде колхоздар мен совхоздарға барлық жағдайлар туғызылуда. Мал шаруашылығы өнімдерін дайындаудың және сатып алудың мемлекеттік бағасы жоғарылатылды. Жеке шаруашылықтардың мемлекетке міндетті тапсыру жөніндегі тапсырмалары едәуір азайтылды.

Облысымыздың көптеген колхоздары мен совхоздары, колхозшылары және жұмысшы, қызметкерлері СОКП Орталық Комитеті январь Пленумының қаулысын орындай отырып, мемлекетке ет, сүт тапсыру жөніндегі міндеттемелерін аброймен орындап келеді және мемлекетке мал шаруашылығы өнімдерін сатудың қарқынын едәуір арттырып отыр.

Петропавл ауданының Сталин атындағы Пушкин атындағы, Калинин атындағы, Октябрь ауданының «Бірлік», «Щит» және басқа да колхоздары кәзірдің өзінде мемлекетке ет тапсырудың жылдық тапсырмасын толық орындап шықты. Бұл шаруашылықтар мемлекетке ет сатуды үлгілі ұйымдастыруда.

Сүт дайындау ісінде де бірқатар жұмыстар істелді. Ленин ауданының Молотов атындағы, Киров атындағы, «1-Май» «Советский», «Бірлік», Петропавл ауданының Пушкин атындағы, Сталин атындағы, «Красный пахарь», Буденный атындағы, Киров атындағы, «Қазақстанның 30 жылдығы» колхоздары мемлекетке сүт тапсырудың жартыжылдық тапсырмасын мерзімінен бұрын орындап, мемлекеттік сауда орындарына мыңдаған литр сүт сатты.

Облыстық жеті мыңдай жеке шаруашылықтары мемлекетке ет тапсырудың, 13 мыңдай шаруашылықтары сүт тапсырудың және 22 мың жеке шаруашылықтары жұмыртқа тапсырудың жылдық тапсырмасын толық орындап шықты. Олардың көпшілігі тапсырмаларын орындағаннан кейін бұл өнімдерді мемлекетке көптеп сатуда.

Ленин ауданындағы Тонкошуровка селосында тұратын азамат П. Шофина жолдас сауда орнымен мың литр сүт өткізуге шарт жасады. Ол кәзірдің өзінде 200 литрдей сүт өткізді. Осы селодағы Е. Брух жолдас 600 литр сүт сатуға шарт жасаса, оның 450 литрін тапсырды. Мұндай фактілерді облыс өмірінен көптеп келтіруге болады. Осының барлығы колхозшылар мен совхоз жұмысшыларының, басқа да жеке шаруашылықтардың мемлекетке мал шаруашылығы өнімдерін көптеп тапсыру және сату жөніндегі ынта-жігерлерінің күн санап өсіп отырғандықтарын дәлелдейді.

Алайда жекелеген колхоздар мен совхоздар және жеке шаруашылықтар мал шаруашылығы өнімдерін тапсыру жөніндегі міндеттемелерінің орындалуына қолда бар мүмкіншіліктерді жете пайдаланбайды. Мемлекеттік сауда орындарына мал шаруашылығы өнімдерін сатуға қатыспайды.

Біздің облыста мал шаруашылығы өнімдерін көптеп дайындауға қажетті жағдайлардың барлығы да бар. Егер қолда бар мүмкіншіліктер іске толық пайдаланылса, онда облыста мал шаруашылығы өнімдерін өндіруге бірқатар жұмыстар істелген болар еді. Осыған қарамастан облыстың көп аудандары мал шаруашылығы өнімдерін дайындау жөніндегі жарты-

жылдық тапсырмаларын орындай алған жоқ. Ауыл шаруашылық және дайындау органдарының қызметкерлері бұл іске оперативті басшылық жасай алмай келеді. Олар колхоз, совхоз басшыларынан қолда бар мүмкіншіліктерді толық пайдалануды талап етпейді. Осы себепті ғана облыста мал шаруашылығы өнімдерін дайындаудың жартыжылдық жоспары сүттен—76,4 процент, жұмыртқадан—46,5 процент, жүннен—86,4 процент ғана орындалды.

Совет, Ленин аудандарында ет дайындаудың жартыжылдық тапсырмасын толығынан орындап шығуға мүмкіншіліктер мол болды. Колхоз, совхоз басшыларының бұл іске мән бермеулері себепті ғана ет дайындау ойсыраған оқиқылыққа ұшырады. Совет ауданында жартыжылдық жоспардың орындалуы 46,8 процент ғана болып отыр.

Мемлекетке сүт тапсыру мен сатуда, әсіресе Октябрь ауданы артта қалып қойды. Мұнда жартыжылдық тапсырма небары 51,2 процент орындалды. Жоспардың орындалуы Ленин, Приешім, Совет аудандарында да қанағаттанғысыз болды. Ал, жұмыртқа дайындаудың жайы облыста мүлдем нашар екендігіне тоқтала кету керек. Октябрь, Приешім, Совет және Мамлют аудандарының ауыл шаруашылық және дайындау органдары бұл жұмыспен жете шұғылданбады. Сөйтіп, жұмыртқа дайындауда аудандардың артта қалушылығына жол берді.

Бйылы мал шаруашылығы өнімдерін дайындау қарқынын кеңінен өрістетуді міндеті жүктелуіне қарамастан көпшілік колхоздардың және совхоздардың басшылары бұл жұмыстың қарқынын өткен жылдан мүлдем бәсеңдетіп жіберді.

Осының салдарынан өткен жылға қарағанда бйылы облыс шаруашылықтары мемлекетке сүтті көп кем тапсырды.

Преснов ауданының колхоз, совхоздары сүт дайындауда елеулі кемшіліктерге жол беруде. Мұнда өткен жылға қарағанда бйылы 10664 центнер сүт кем тапсырылды. Мұның өзі ауыл шаруашылық және дайындау органдарының сүт дайындау мәселесіне жете көңіл аудармайтындықтарын көрсетеді. Совет, Булаев, Приешім аудандары жөнінде де осыны айтуға болады.

Буденный атындағы, Преснов, Қызыл-өскер және Степной совхоздарында сыйырлардың құнарлылығын арттыруға, сөйтіп мемлекетке сүтті көптеп тапсыруға барлық жағдайлар болды. Тек бұл совхоздардың директорлары мен мамандарының іске жауапсыз қарауларынан ғана Буденный атындағы совхозда 2949 центнер, Преснов совхозында 2547 центнер, Қызылөскер совхозында 1871 центнер, Степной совхозында 1849 центнер сүт өткен жылдан кем дайындалып отыр. Ал, осы аудандардың партия, совет ұйымдары бұл совхоздардағы жағдайларды жете зерттеп, сүт дайындаудың қарқынын өрістетуді шараларын әлі де белгілеген жоқ.

Өткен жылы Петропавл ауданының колхоздары сүт алуға жақсы көрсеткішке жеткенді. Мұнда 1953 жылдың 1 октябрінен 1954 жылдың 1 июліне дейін әрбір сыйырдан 956 литр сүт алынса, өткен жылдың 1 октябрінен үстіміздегі жылдың 1 июліне дейін 797 литр ғана сүт алынды. Бұл әрбір сауын сыйырдан 159 литр сүт кем алынды деген сөз. Осы сияқты Мамлют аудандарының колхоздарында да әрбір сыйырдан алынған сүт мөлшері 132 литр, Приешім ауданының колхоздарында 128 литр, Преснов ауданының колхоздарында 125 литр кеміп кетті.

Осыған қарамастан бірқатар колхоздар мен совхоздардың басшылары сүттің «ішкі

қажеттерге» орынсыз жұмсалыуына көріне-көзге жол беріп келеді. Тіпті кейбір басшылар сүт дайындаудың айлық, тоқсандық тапсырмалары орындалмаса да, осы жолға түскен. Колхоздарда осындай қажетке 75754 гектолитр сүт жұмсалған. Бұл—барлық сауылған сүттің 38,6 проценті. Ал, Приешім ауданында барлық сауылған сүттің 44,3 проценті ішкі қажеттерге деген сылтаумен орынсыз жұмсалды.

Мұндай фактілерді совхоздарда да көптеп кездестіруге болады. Булаев, Маленков атындағы, Москворецк, Интернационал совхоздарында барлық сауылған сүт түгелдей «ішкі қажеттер» үшін жұмсалып келеді.

Көп колхоздар мен совхоздар мемлекетке ет есебіне тапсырылатын малдарды сәміртуді ұйымдастырмай отыр. Мал мамандары әлі күнге дейін етке тапсыратын малдарды ақтілеу жұмысын аяқтаған жоқ. Ал, етке берілген малдар жайылымдарда тәулік бойы бағылмайды.

Мал шаруашылығы өнімдерін дайындауда мұндай елеулі кемшіліктердің орын алуын дайындау орындары қызметкерлерінің іске нәтижелі басшылық жасай алмауынан деп түсіну керек. «Маслопром», «Заготскот», «Заготживсырьё» және жергілікті сауда орындарының қызметкерлері мал шаруашылығы өнімдерін дайындаудың, сатып алудың нақтылы ұйымдастырушылары бола алмай келеді. Олар мал шаруашылығы өнімдерін сатып алу жөнінде жеке шаруашылықтармен шарт жасасуды да кешіктіруге.

Облыстық «Маслопром» мекемелеріне жеке шаруашылықтардан 68 мың центнер сүт сатып алу тапсырмасы тағайындалған болатын. Алайда облыстық «Маслопром» тресінің (басқарушысы Кусакин жолдас) қызметкерлері бұл істе жайбарақаттыққа жол беруде. Осы себепті жеке шаруашылықтармен небары 15214 центнер сүт сатып алуға шарт жасалды. Ал,

оның орындалуы мүлдем қанағаттанғысыз. Дайындалатын мал шаруашылығы өнімдерінің сапасына да көңіл бөлген жөн. Кейбір май заводтары өнімнің сапасы нашар болуына жол беруде. Марьевка май заводының директоры Бочкарь жолдас-тың жауапсыздығынан ғана 22 июльде «Қызыл ту» колхозында 1040 литр сүттің іріп кетуіне жол берілді. Мұндай фактілерді Ленин ауданының Ивано-Петровка май заводынан да кездестіруге болады.

Дайындау министрлігінің аудандардағы өкілдері мал шаруашылығы өнімдерін дайындаудың барысымен үнемі шұғылданып отырмайды. Колхоздар мен совхоздардан бұл жөніндегі тапсырмалардың толық орындалуын талап етпейді.

Мемлекетке мал шаруашылығы өнімдерін сатып алуға да көп кемшіліктерге жол берілуде. Жергілікті сауда орындары сүт, жүн, жұмыртқа, ет сатушыларды қажетті товарлармен қамтамасыз етпейді, олармен уақытылы есең айырмасыпайды. Мұның өзі мемлекетке мал шаруашылығы өнімдерін сатып алудың барысы ойдағыдай болмауына негізгі себеп болуда.

Жазғы маусым — мал шаруашылығы өнімдерін көптеп дайындаудың қолайлы мерзімі. Сондықтан да дайындау орындарының қызметкерлері бұл істің жайын шұғыл жақсартуға тиіс. Ал, колхоз, совхоз басшылары әрбір шаруашылықтың мал шаруашылығы өнімдерін дайындау жөніндегі міндеттемесін толық орындауына жетісулері керек.

Мал шаруашылығы өнімдерін неғұрлым көп дайындау халқымыздың бұл өнімдерге, жеңіл өнеркәсіптің шикізатқа деген қажетін толығынан қанағаттандыру ісіне келелі үлес қосады.

А. БУШУЕВ,
Дайындау министрлігінің облыстық басқармасының мал шаруашылығы өнімдерін дайындау және сатып алу бөлімінің бастығы.

Астық дайындаудағы және сақтаудағы біздің тәжірибеміз

Жамбыл элеваторы—Қазақстандағы аса ірі элеваторлардың бірі. Оның сүрлегіш 5 корпусы және жоғары дәрежеде салынған астық қоймалар жүйесі бар. Өткен жылға дейін элеваторға облыста дайындалатын бүкіл астықтың 20 проценті тапсырылып келді. Енді, астық өндірудің артуына байланысты, элеватор өте ірі астықты Федоров ауданының колхоздары мен совхоздарынан, сондай-ақ Пешков, Қарабалық және Введен аудандарының бірқатар шаруашылықтарынан астық қабылдайтын болды.

1928 жылы салынған элеватордың іс жүзінде жоғары өнімді техникасы жоқ болатын. 1951 жылы ол қайтадан құрыла бастады. Корпустардың барлық механизмдері мен жабдығы жеке-жеке электр приводқа көшірілді, ескі трансмиссиялық жабдық бөлшектен алынды. Сағатына 45 тонна астық қабылдай алатын норилердің орнына сағатына 100 тоннаға дейін астық қабылдайтын норилер жасалды. Бірнеше генератор алғаш рет қатарынан жұмыс істейтін болды.

1954 жылы «ВИСХОМ—2» маркалы астық кептіргіш қайта құралды. Оның өнімділігі екі есе артты. 1954 жылы тиеу-түсіру жұмыстарының 95 проценттейі механизмдердің көмегімен орындалды.

Осы жағдайлардың бәрі жұмыстың ойдағыдай жүргізілуін қамтамасыз етті. Соңғы төрт жылдың ішінде астықты қабылдаудың, басқарудың және сақтаудың жоспарлары 101—103 проценттен орындалып келді, үнемделген қаржы 1.700 мың сом болды. Элеватордың коллективі Бүкілодақтық социалистік жарыста жыл сайын алдыңғы қатардағы орындардың біріне ие болуда. Өткен жылдың үшінші және төртінші тоқсандарында біз КВОС пен СССР дайындау министрлігінің Ауыспалы қызыл туын жеңіп алып отырдық.

Элеватордың қызметкерлері астықты дайындаудың және сақтаудың мол тәжірибесін жыйнақтады. Біздегі жұмыстың бәрі қатаң график бойынша жүргізіледі. Дайындаушылар егін жыйнау басталғанға дейін жыл сайын техникалық базаны толық әзірлікке келтіреді. Астық қоймаларын, технологиялық және энергетикалық жабдықты жөндеу ісіне ишарьдан бастап кіріскен болатыныбыз.

Астықты қабылдау қарсаңында оны орналастырудың жоспарын жасаймыз. Бұл жоспармен қабылдау-сапалылық аппаратының әрбір қызметкері жақсы танысады. Бұл астықты жітірістен тез қабылдауды және оның ысырап болмауын қамтамасыз етеді.

1950 жылдан бері элеватордың лабораториясы астықтың сапасын анықтаудың конвейерлік әдісін қолданып келеді. Оның мәні мынада: алғашқы визировщик автомашинадағы астықтың байқауын ала-

екі конвейер ұйымдастырады. Мұның өзі тәулігіне 1.700 автомашинаға дейін астық қабылдауға мүмкіндік береді.

Элеваторда астықты түсіру жұмыстары механикаландырылған. 1954 жылы астық түсірілетін механикаландырылған 40 алаң, оның ішінде 25 тұрақты алаң жұмыс істеді. Түсіру жұмыстарында механикалық күректер, жылжымалы транспортерлер, өздігінен түсіргіштер, Белокуровтың бункерлері және басқа механизмдер қолданылады. Олардың бәрі қоймалар мен корпусстарға бекітілген. Техника әрдайым ақаусыз күйінде күтіледі. Қатаң график бойынша, механизмдер профилактикалық байқаудан өткізіліп тұрады. Бұл үшін жанпай астық әкелінетін кезде жұмыс істейтін арнаулы бригада құралады, оның құрамына тәжірибелі электриктер мен слесарьлар кіреді.


Астықты қосымша өңдеу мен кептіру жұмысы да жоспар бойынша жүргізіледі. Қоймалардың белгілі бір тобына астықтың қандай күйде екенін ұдайы бақылап отыратын лаборанттар бекітіледі. Түсетін астықтың бәрі бірте-бірте жоспарлы кондицияға дейін жеткізіледі.

Турақты астық кептіргіштерге қоса «Кузбасс» маркалы жылжымалы астық кептіргіштер де жұмыс істейді. Біз, әдетте, бір орынға мұндай кептіргіштің бесеуін орнатамыз. Өңделмеген астықты тиеу, кепкен астықты жыйнастыру арнаулы скрепалық және ленталық сүйретпелердің көмегімен жүргізіледі, бұларды біз өз күшімізбен жасаймыз. Скрепалық сүйретпелер барлық бес кептіргішке өңделмеген астықты жеткізін құйып тұрады, ал ленталық сүйретпелер құрғатылған астықты жыйнастырады. Астық кептіргіштердің қатарынан жұмыс істеуі еменасына 15-ке дейінгі жұмысының басқа учасқауа ауыстыруға мүмкіндік береді.

Элеватордың коллективі астықты сақтау және жөнелту жөнінде жақсы көрсеткіштерге жетті. Біз астықтың бұзылып кетуіне бірнеше жылдар бойына бір де рет жол бергеніміз жоқ. Астықты дер мезгілінде қосымша өңдеу мен оны вагондарға тиеуді механикаландырудың нәтижесінде элеватор астықты еліміздің өнеркәсіпті орталықтарына алғашқы қабылдаған күнінен бастап жөнелтеді.

Үстіміздегі жылы Федоров ауданының колхоздары мен совхоздарының егіс көлемі екі еседей ұлғайды. Біздің коллективіміз жаңа егіннің астығын қабылдауға әзірлікті күшейтуде. Астық қоймалар, астық кептіргіштер, технологиялық және қуат жабдығы жөнделуде, темір жолдар, таразы шаруашылығы, лаборатория құралдары реттелуде.

Элеватор жаңа техникамен қарулануда. Егін жыйнау басталғанға дейін төрт автомобиль таразы, оның ішінен жыйырма бес тонналық екі таразы, 11 автомобиль



Петропавлдағы № 20 қолөнер училищесінің оқушысы Борис Котельников тәжірибе сабақтары кезінде токарлық станокта жұмыс істеп, тапсырманы үнемі 200 процент орындап келеді.

СУРЕТТЕ: Б. Котельников станок үшін дайындалған шестерканы өлшеп тұр.

Суретті түсірген А. Розенштейн.

Қала жастарының бірінші фестивалі қарсаңында

Осы жылдың 17 июлінде Петропавл жастарының бірінші фестивалі өткізіледі. Кәзір қала кәсіпорындары мен мекемелерінің және оқу орындарының жігіттері мен қыздары осы күнге қызу дайындалып жатыр. Көркемөнерпаздар коллективтері және спортшылар фестиваль күні болатын концерттер мен спорт ойындарына әзірленуде.

Фестиваль «Локомотив» стадионында спортшылар парадмен ашылады. Қаланың таңдаулы көркемөнерпаздарынан құралған үлкен хор «Партия—біздің бастаушымыз» деген әнді және студенттер мен жастардың гимнін орындайды. Сол сияқты, жеке коллективтер өз өнерлерін көрсетеді. Күндіз «Локомотив», «Динамо» және «Энергия» стадиондарында, жеңіл атлетикадан, футболдан, волейболдан, спорттың тағы басқа түрлерінен жарыстар болады.

Кешке қалалық мәдениет және демалыс паркіндегі ашық эстрада да кәсіпорындар мен пионерлер үйі көркемөнерпаздарының күшімен концерт қойылады. Балалар 16 республика халықтарының ұлттық костюмдерін киіп, парктегі көлдің үстінде

Жаңа оқу жылына барлық жағынан тыңғылықты әзірленейік!

Жаңа совхоздардағы мектептерге күнбе-күн көңіл бөлінсін

Облысымыздың тың және тыңайған жерлерді жанпай игере бастағанына бір жылдан аса ғана уақыт өтті. Осы аз уақыттың ішінде мыңдаған гектар тың игеріліп, облыс картасында жаңа совхоздар мен селолық пункттер пайда болды. Тың игеруге туысқан республикалар мен еліміздің кәсіпорындарынан, қалаларынан көптеген патриоттар келді. Жаңа жерде қызықты жаңа өмір басталды.

Жаңа совхоздарға патриоттардың семьяларымен көптеп келуі облыстың халық ағарту орындарының алдына үлкен міндеттер қойды. Облыстық, аудандық оқу бөлімдерінің алдында жаңа совхоздардағы балалардың тізімін есепке алу, мектептер ашу, оларды тәжірибелі педагог кадрлармен қамтамасыз ету сияқты күрделі міндеттер тұрды. Жергілікті партия, совет ұйымдарының басшылығымен халық ағарту орындарының қызметкерлері мұндай игі, әрі күрделі міндетті жүзеге асыруға шын ықласпен кірісті.

Өткен жылдың мартында Булаев, Преснов және Октябрь аудандарының жаңа совхоздарында мектеп ашу ісі қолға алына бастады. Бұл үшін ең алдымен мектеп жанындағы балалардың тізімін алу қажет болды. Мұның өзі едәуір қиындыққа түсті. Өйткені, өткен жылдың август айына дейін көптеген жаңа қоныстанушылар өздерінің семьяларын көшірген жоқ еді. Сондықтан әрбір адаммен әңгімелесіп, оның семьясында мектепте оқыйтын қанша бала бар екенін білу керек болды. Бұл жұмыс едәуір уақытқа созылып, тек июнь айының аяғында ғана жаңа совхоздарда қанша мектеп ашудың керектігін шешуге мүмкіндік туды. Сөйтіп, Октябрь ауданының Тимирязев атындағы совхозында жетіжылдық, қалған совхоздарда бастауыш мектептер ашылып, онда жаңа қоныстанушылардың балалары оқып бастады.

Енді жоғарғы кластарда оқыйтын балаларды мектепке қамту қажет болды. Мұндай балалар әрбір совхозда 8—10-нан ғана еді. Осы балалар үшін жаңа совхоздардың маңындағы селолардан онжылдық мектептер ашылды. Мұнымен бірге, мектептердің жанынан жаңа қоныстанушылардың балалары үшін интернаттар ашылды. Бірақ мұндай маңызды істі жүзеге асыруға кейбір басшылар немқетті қарады. Октябрь аудандық оқу бөлімінің меңгерушісі Дундуков, осы аудандағы Дмитриевка жетіжылдық мектебінің директоры Литвинов жолдастардың кінәсінен

мектеп үйлерін салуда шаруашылық басшылары үлкен белсенділік көрсетті. Мәселен Хрущев атындағы совхозда мектеп үшін жақсы үй бөлінді. Ол бұмен жылытылады. Мұнда оқушылардың оқуына барлық мүмкіншіліктер бар.

Совхоз мектептері оқулықтармен, көрнекі құралдармен, программалармен қамтамасыз етілді. Қала мектептері совхоз мектептеріне көптеген әдебиеттер жіберді. Сондай-ақ, Оңтүстік Қазақстан облысының мектептері де түрлі әдебиеттер, көрнекі құралдар жіберді.

Жаңа мектептер тәжірибелі педагог кадрлармен қамтамасыз етілді. Булаев, Интернационал, Москворецк совхоздарындағы бастауыш мектептердің меңгерушілері Емельянова, Тукало, Бондаренко жолдастар оқу-тәрбие жұмыстарын идеялық жоғары дәрежеде жүргізіп, оқушылардың жақсы үлгеруіне жетісті. Сондай-ақ Хрущев атындағы совхоздағы бастауыш мектептің меңгерушісі Мануйлова жолдас та балаларды жақсы тәрбиелеп, олардың тегіс үлгеруін қамтамасыз етті.

Дегенмен, облыстық, аудандық оқу бөлімдері совхоз мектептеріне педагог кадрларын іріктеп алуда кейбір қателіктер жіберді. Докучаев атындағы совхоздағы бастауыш мектептің меңгерушілігіне Еремін жолдас жіберілген еді. Ол сабаққа әзірліксіз келді, оны дұрыс жүргізбеді. Бұластан тыс жұмыстарды мүлдем ұйымдастырған жоқ. Сондай-ақ, Тимирязев атындағы жетіжылдық мектептің директоры болып Белоусова жолдас тағайындалған еді. Белоусова жолдас бірқатар жыл мектеп директоры болып істесе де, коллективті алғашқы кездескен қиыншылықтарды жеңуге ұйымдастыра алмады. Облыстық оқу бөлімі Белоусова жолдасы жетіжылдық мектептің директоры етіп тағайындап, қателік жіберді.

Быйыл облыстық, аудандық оқу бөлімдері совхоздар мектептері үшін педагог кадрларын іріктеп алудағы өткен жылы кемшіліктерден тиісті қорытындылар шығарып, оларды қайталамаудың жолдарын қарастыруда. Алдағы оқу жылында жаңа мектептерге қолынан іс келетін, арнаулы білімі бар педагог кадрлар жұмыс істейтін болады.

Облысымызда быйыл тағы да жаңадан совхоздар ұйымдастырылды. Жаңадан ұйымдастырылған совхоздар мен машина-трактор станцияларында бастауыш, жетіжылдық мектептер ашылды. Кәзір облы-

жеке топтар құру, жекелеген оқушылармен жұмыс жүргізу шараларын белгілеуде.

Өткен жылғы бірқатар совхоз мектептері жетіжылдық, орта мектептерге айналдырылады. Мұнымен бірге, барлық совхоздарда жұмысшы жастардың кешкі мектептері ашылады. Әрине, бұл шараларды жүзеге асыру бірқатар құрылыс жұмыстарын жүргізуді қажет ететіні сөзсіз.

Осы жылы тыңда ұйымдасқан совхоздарда 17 мектеп үйін салу жоспарланған еді. Егер бұл құрылыстар ойдағыдай аяқталса, мектептердің бірқалыпты жұмыс істеуіне мүмкіншілік береді. Бірақ, совхоздарда құрылыс жұмыстарын жүргізетін Петропавл селолық құрылыс тресі мен (лиректоры Зисович жолдас), Марьевка құрылыс тресі (директоры Корецкий жолдас) жұмысты тым бауу жүргізуде. Мұның өзі мектептердің жаңа оқу жылына үлгілі әзірленіп, оны ұйымшылдықпен бастауына біраз кедергі келтіретін түрі бар.

Облыстық оқу бөлімі мен Булаев, Преснов, Приешім, Октябрь және Совет аудандарының оқу бөлімдері мектеп құрылыстарына үнемі көңіл бөліп отырмайды. Мектеп үйлерін салудың кәзір бірінші кезекке қойылып отырғанына қарамастан аталған аудандардың оқу бөлімдері жоғарғы партия, совет ұйымдарының алдында мектеп үйлерін салу жөнінде бірде-бір мәселе көтерген жоқ.

Петропавл совхоздар басқармасының басшылары тек шаруашылық жұмыстарымен ғана айналысып, мектеп үйін жөндеу, жаңадан салу, оларды қыстық отынмен қамтамасыз ету ісіне өздерінің қатысы жоқ бөгде мәселе ретінде қарайтын көрінеді.

Тыңдағы совхоздардағы мектеп үйі құрылыстарын жеделдету, жас жаңа қоныстанушылардың мектепте оқып, әржақты білім алуына жағдай туғызу жергілікті партия, совет ұйымдарының, халық ағарту орындарының күнбе-күн көңіл бөлетін мәселесі. Сондықтан олар мектептерді жаңа оқу жылына үлгілі әзірлеу, жаңа қоныстанушылардың балаларын мектепке тегіс қамту жұмыстарымен үнемі шұғылданып отырса, мұның өзі, игі нәтижесін беретіні сөзсіз.

Облыстық, аудандық оқу бөлімдері және совхоз мектептерінің басшылары өткен жылғы кемшіліктерден тиісті қорытынды шығарып, оларды жою жөнінде белгіленген шараларын жүзеге асыруға бастады.

раторияға жеткізеді; лабораториядағы төрт лаборант байқауға әкелінген астықты ылғалдығын, тазалығын, сортын, кеселге шалдықпағандығын және басқаларын қатарынан анализ жасап анықтайды; бесінші лаборант анализ ордерін жазады, алтыншысы анализ ордерлері тіркелетін журналдарды толтырып отырады. Астықтың сол тобы байқаудан өтіп ылғалдығы, кеселге шалдықпағандығын және басқаларын қатарынан анализ жасап анықтайды; бесінші лаборант анализ ордерін жазады, алтыншысы анализ ордерлері тіркелетін журналдарды толтырып отырады. Астықтың сол тобы байқаудан өтіп ылғалдығы, кеселге шалдықпағандығын және басқаларын қатарынан анализ жасап анықтайды; бесінші лаборант анализ ордерін жазады, алтыншысы анализ ордерлері тіркелетін журналдарды толтырып отырады.

көтергіш, агрегаттық 24 астық кептіргіш, көптеген жылжымалы механизмдер орна-тылады.

Элеватордың территориясында көлемді құрылыс өрістеді. Электр станциясы моңғалдармен бірге жазғын, лаборатория салынууда. Қоймалардың сыйымдылығы едәуір ұлғайтылды.

Біздің коллективіміз едәуір өсті. Бізге тұтысқан республикалардан 200-ден аса жұмысшы мен маман келді. Оларға арнап тұрғын үйлер салынууда, магазин, асхана ашылды.

Элеватордың коллективі техникалық базаны жөндеу жұмыстарын мерзімінен бұрын аяқтауға, егін жыйнау басталғанға дейін төрт жаңа қойма салып, оларды пайдалануға беруге міндеттеме алды.

А. ДОМОНУРОВ,

Қостанай облысындағы Жаркөл элеваторы директорының орынбасары.

мүшелері көлдің жағасында «Кішкентай аққулардың биі» орындайды. Фестивальға Мамлют ауданы жастарының көптеген өкілдері қатысады.

Х. БЕЛДЕУОВ.

Шөп тасуда

«Заря коммунизма» колхозында (Мамлют ауданы) шөп шабу науқанының алғашқы күндерінен бастап-ақ жемшөпті мал қыстауларының жанына тасыйтын арнаулы бригада ұйымдастырылды. Оны колхозшы Куришев басқарады. Бригада мүшелері қысқа мерзім ішінде мал фермаларына жүздеген центнер шөп тасып үйді.

Ж. МАНСУРОВ.

Жөндеушілер арасында

Тимирязев атындағы машина-трактор станциясының орталық усадыбасы Есіл өзенінің жағасындағы табиғаттың бір көркем жеріне орналасқан. Орталық усадыба бүкіл машина паркi, мұндағы тұрғын үйлердің бәрі қосылып кіші-гірім жұмысшы поселкесіне ұқсайды. Станция маңы қош иісті гүлге оранған дала осы жердегі Молотов атындағы колхоздың жайқала асбен егінi мен саналуан балаусалы шөптері бар шабындығына жасыл жапырақтарын самсата өсірген Есіл алқабының қалың орманына барып ұштасып, табиғаттың тамаша бір көрінісін көз алдына елестетеді.

Біз станцияның бас инженері Антон Иванович Гейер жолдаспен бірге орталық усадыбаны аралап көлеміз. Дала кемесі—комбайнның бір есе үстіне шығып, бір есе астына түсіп мотор жүрісін байқап, өздерінің әдеттегі жұмыстарымен айналысып жатқан механизаторлар бізді жылы шырраймен қарсы алды.

—Міне бұл,—таңдаулы механизаторлардың бірі,—деді бас инженер Гейер жолдас қолында дәнекерлейтін лампасы бар бір толық денелі, жүзінде сәл әжім айналған адамды көрсетіп. Біздің дәл өзіне қарай тура келе жатқанымызды байқап қалған ол маймен апталған қолын шүберекпен сүргіп, өзін Василий Чуйко деп таныстырды. Василий Чуйко комбайнның астық тазалағыш, радиатор, подшипниктерін және басқа бөлшектерін жөндейтін торапта істейді екен. Оның ісінде мін, ол дайындаған детальда ақау болып, қайта жөнделіп жатқанын көрген емеспіз дейді өзімен бірге істейтін механизаторлар. Олардың осы бір қаранайым сөзінен-ақ озат механизатордың өзінің иті ісімен жұртшылық құрметіне бөленгенін бірден-ақ байқайсыз.

Мотор машинаның оның ішінде комбайнның да жүрегі ғой. Жөндеу үстінде мотор жөндеуге, оның мінсіз жұмыс істеуіне механиктердің баса көңіл бөлетіні де осыдан. Міне осындай жауапты жұмыс көптегі тәжірибелері бар Василий Чуйко, Николай Попов, Семен Кубатов секілді мамандарға тапсырылған. Олар адам жүрегінің соғуын байқаған дәрігерлердей моторды жүргізіп, қай жерінде ақауы бар дегендей зейін сала тыңдайды. Өздерінің шартына келіп, көңілдегі күдіктерін тауысқанша мотор жанынан бір кетпейді.

Олардың бірі қолына аспап алып моторды оталдыратын бөлшекті ашып қарап, қажетті жөндеу жүргізіп, екіншісі оның су, ауа, газ жүретін түтіктерін тексеріп, қажетті детальдары мен бөлшектерін жөндеуден өткізеді.

—Бұл мотор енді бір күннен кейін жөндеуден толық өтетін болады,—деді Николай Попов бізге.

—Жұмыс сапасы қалай?
—Жаман болмауға тиіс, өйткені жұмыс сапасына мотор толық жөндеуден өтіп, сынауда болғаннан кейін ғана баға беріледі ғой,—деп жауап қайтарды ол.

Комбайнның хедерларын жөндейтін торапта Иван Вашутин, транспортерлер мен сабан кескіштерді жөндейтін торапта коммунист Егор Лырчиков жолдастар да табысты еңбек етуде. Олар да күндік тапсырмаларын үнемі 150 проценттен орындайды.

Комбайндар жөнделіп жатқан парктегілер де қызу еңбек үстінде екен. Бірқатар комбайндар толық жөндеуден өтіп, жұмысқа әзір тұр. Ал, қалған комбайндарда соңғы жөндеу жұмыстары жүргізілуде.

Міне, біздің алдымызда алып денелі, ең қуатты дала кемесі «Сталинец-6» ком-

байны тұр. Бұл комбайнды жөндеу жұмыстары негізінен аяқталуға жақын. Кәзір оның тек күрделі бөлшектерін тораптардан алып жыйнақтау, құрастыру сияқты жұмыстары ғана қалған. Таңдаулы комбайншы Григорий Иванович Козий өзінің ұлы Николай Козиймен бірге комбайнның соңғы жөндеу жұмыстарымен шұғылдануда.

Паркте тұратын өздігінен жүретін комбайн мен «Сталинец-1» комбайнның жөндеумен шұғылданатын механиктер Владимир Муравлев, Иван Попов, Анатолий Ройзер, Дмитрий Медведев және Кузьма Пискаревтер де сменалық нормасын үнемі асыра орындайды. Бәрі де өз істеріне ұқыпты, еңбексүйгіш адамдар екенін еркін қыймылдары мен шат жүздерінен сезіліп тұр.

Комбайн жөндеуге МТС мастерскойындағы токарьлар мен слесарьлардың, ұсталардың және басқа мамандардың қосқан үлестері де көп. Токарь Михаил Тимченко, ұсталар Григорий Сиваков пен Иван Романовтар жөндеушілерге қажетті детальдарды уағында жасап, жөндеу жұмыстарының тез аяқталуына ат салысып келеді.

МТС коллективі бағалы инициативаның бастаушысы болды. Коллектив өз күшімен бұрынғы үш «Коммунар» комбайнның қайта жабдықтап, оларды сүрлем азықтарын орып, жыйнауға және сүрлем салуға лайықтады.

Машина-трактор станциясының коллективі комбайндарды және басқа егін ератын машиналарды кезінде әзірлеп, егін орағын үлгілі әзірлікпен қарсы алады. Еңбекті көп тілейтін жұмыстарды механикаландыру, еңбек өнімділігін арттыру жолында аянбай еңбек ете береді.

Р. УӘЛИЕВ.

ылды. Соның салдарынан Докучаев атындағы совхоздың 5—7 кластарда оқығанын бірқатар оқушылары мектепке қамтылмай қалды.

Мектептерді ұйымдастыруда және кәзіргі жөндеу жұмыстарын жүргізуде, жаңа

теген семьялар келуде. Олардың балалары өздерінің ана тілінде оқығандықтан, бұл балалармен сабақты орысша жүргізу едәуір қиындық келтіретін түрі бар. Облыстық, аудандық оқу бөлімдері осы жағдайды ескеріп, мектептерде олар үшін

сыяқты жаңа оқу жылын ұйымшылдықпен бастауын қамтамасыз етуге бар күш-жігерін жұмсайды.

И. ЗАЛМАНОВ,

Облыстық оқу бөлімі меңгерушісінің орынбасары.

Оқу жылына үлгілі әзірленеміз

Біздің мектептің коллективі мектепті жаңа оқу жылына әзірлеу жұмысын ерте бастап қолға алды. Мектепті жаңа оқу жылына әзірлеу жөнінде жазғы емтихандар басталудан көп бұрын педагогикалық кеңесте арнаулы мәселе қаралды, сөйтіп мектеп пен оның жанындағы бюджеттік интернатты жөндеудің жоспары бекітіліп, істелетін жұмыс түрлері белгіленген еді. Бұл кәзір ойдағыдай жүзеге асырылуда. Мұнымен бірге, мектеп пен интернаттың іші-сыртын сылау, өктеу, едендерін сырлау ісі де ойдағыдай жүргізілуде. Столдарды, парталарды және басқа мектеп мебельдерін жөндеу жұмыстары аяқталуға жуық.

Мектеп жанындағы бюджеттік интернат, монша үйлері толық жөндеуден өткізілді. Интернат жанынан кір жуатын, отып қоятын орындар салынды. Бұл жұмыстарға мектеп оқушылары да белсене қатысты.

Талдықорған облысы 28 гвардияшылар атындағы ауданның Панфилов атындағы ауылшаруашылық артелі колхозшыларының үндеуін Ленин атындағы колхоздың колхозшылары зор ықласпен қарсы алып, мектепті жаңа оқу жылына әзірлеу жұмыстарына көмектесуді ұйғарды. Мектеп пен интернаттың төбелерін шифермен жабуға, қажетті құрылыс материалдарын дайындап беруге міндеттенді. Кәзір олар 300 шифер әкеліп, мектеп, интернат төбелерін жабуға, қажетті құрылыс материалдарын дайындауға кірісе бастады.

Мектеп пен интернатқа отып дайындау, оны мектеп жанына тасу жұмыстары да айтарлықтай жүргізілуде. Кәзірдің өзінде мектеп пен интернат жанына қысқа керткі отынның біразы тасылды.

Толық әзір

Киров атындағы (Приепім ауданы) бастауыш мектепті алдымыздағы оқу жылына дайындау ісі толық аяқталды. Мектеп үйінің іші-сырты сыланып, өктелді. Класс бөлмелерінің едендері сырланды.

Мектепте қысқа керекті отындық тезек толық дайындалып, мектептің жанына үйді. Оқытушылар барлық колхозшылардың үйлерін аралап, алдағы оқу жылында оқуға баратын мектеп жасындағы 16 оқушылардың тізімін алды. Мектепке көрнекі оқу құралдары жөнделіп, жаңадан көптеген көрнекі оқу құралдары сатып алынды.

Ғ. БАЛҒОЖИН.

Мектебіміздің жанындағы оқу-тәжірибе участогінің жұмысы өткен жылдармен салыстырғанда едәуір жақсарды. Оқу-тәжірибе участогінде өсірілетін әртүрлі дақылдар мен ағаштарды жаз айларында күту жұмыстарын ұйымдастыруға мұғалімдер бөлінді. Мұнда өсімдіктерді күтетін оқушылардың күнделікті тәжірибелері үнемі жазылып отырылады. Әсіресе, өсімдіктердің стадиялық дамуы туралы, түрлі өсімдіктердің әрбір кезеңде сыртқы жағдайларға байланысты өзгеруі жөнінде зерттеулер жүргізілуде. Бұл оқушылардың мектепте алған білімдерін тәжірибе жүзінде бекітуге, теорияны практикада пайдалана білуге үйретеді.

Педагогикалық коллектив өткен жылдарда оқу-тәрбие участогінде жүргізілетін жұмыстардағы кездескен кемшіліктерді жоюға баса көңіл бөлді. Оларды бийыл қайталамай, одан тиісті қорытынды шығару бийыл қатты ескерілді. Мектепті жаңа оқу жылына әзірлеу кезінде оқу-тәрбие участогіндегі өсімдіктерді баптап-күту, өсіру негізгі жұмыстардың бірі есебінде қаралуда.

Мектептің оқу-материалдық базасын нығайту үшін көп жұмыстар істеу белгіленген болатын. Мектепте көрнекі оқу құралдарын дайындау, бұрынғы көрнекі оқу құралдарын толық жөндеуден өткізу, кітапхананы жаңа кітаптармен толықтыру істері де қолға алынды.

Мектеп есігін бийылығы жылы алғаш рет ашатын жасөспірімдердің және басқа жетікшылдік мектептерден келетін оқушылардың тізімі алынды. Алыстан келетін оқушылар қоғамдық интернатқа орналастырылатын болады. Бюджеттік интернатта тұрып оқытын оқушыларды азық-

түлікпен, клим-кешекпен және төсек-орындармен қамтамасыз етуге де ерекше көңіл бөлінуде. Аудандық оқу бөлімімен келісе отырып, қажетті оқулықтарды, дәптерлер мен көрнекі құралдарды жергілікті сауда орындары арқылы оқушыларға деркезінде жеткізу жөнінде де бірқатар шаралар белгіленді.

Мектепті жөндеу жұмыстарының барысында кемшіліктер де жоқ емес. Ең алдымен құрылыс материалдары жетіспейді. Соның салдарынан кейбір құрылыс жұмыстарын материал табылғанша амалсыздан тоқтатып қою сияқты фактілер де кездесіп жүр. Құрылыс материалдың тапшылығынан кітапхана, мастерской үйлерін де сала алмай отырмыз.

Мектепті жөндеу және мұғалімдерге тұрғын үйлер салу жұмысына Ленин ауылдық Советі атқомі де тиісті дәрежеде көмектесіп отыр. Жыл сайын мұғалімдерге тұрғын үйлер салу, олардың жұмыс істеуіне қолайлы жағдай турғыз мәселелері де шындап қолға алынбай келеді. Күні осы уақытқа дейін мұғалімдер үшін бірде-бір үй салынбауына бұдан әрі тіпті де төзуге болмайды. Октябрь аудандық оқу бөлімі мен Ленин ауылдық Советі атқомі бұл жағдайға баса көңіл аударуы тиіс.

Мектептегі жаңа оқу жылына әзірлеу ісі негізінен оқу-тәрбие жұмысын жақсартуға, оқушыларға әржақты білім беру мақсатына бағытталып жүргізілуде. Біздің Ленин атындағы орта мектептің коллективі оқу жылына мектепті үлгілі әзірлеп, 1955—56 оқу жылын ұйымшылдықпен бастайтын болады.

Ғ. ЖАКИН,

Октябрь ауданы, Ленин атындағы орта мектептің оқу ісінің меңгерушісі.

Жаңа мектептер салынууда

Совет ауданы, Қыялы астық совхозында жаңа орта мектеп құрылысы қолға алынған еді. Бұл мектепте кәзіргі кезде құрылыс ісі аяқталып келеді. Мектепте оқу мастерскойы, пионерлер үйі, кітапхана және спорт залы болады. Мектеп кәзіргі кезде қысқа отын дайындау ісін аяқтап келеді. Жаңа мектеп құрылысы политехникалық оқу элементтерін іске асыруға негізделіп отыр. Мектептің оқу-материалдық базасын нығайта беруге де ерекше көңіл бөлінуде. Алдағы оқу жылында селолық жерлерде жалпыға бірдей жетікшылдік білімге көшу ісі бұл колхозда ерекше дайындықпен басталады.

М. ӘЛІМБАЕВ.

ҚХР үкметі мен ВДР үкметінің БІРЛЕСКЕН МАЗМҰНДАМАСЫ

ПЕКИН, 8 июль (ТАСС). Пекинде 1955 жылғы 7 июльде қол қойылған «Қытай Халық Республикасының үкметі мен Вьетнам Демократиялық Республикасы үкметінің Бірлескен мазмұндамасы» жарияланды.

Мазмұндамада былай делінген:

«Президент Хо Ши Мин бастаған Вьетнам Демократиялық Республикасының үкмет делегациясы Қытайда болған кезде ҚХР үкмет делегациясы мен ВДР үкмет делегациясы, ҚХР председатели Мао Цзэдун мен ВДР президенті Хо Ши Мин белгілеген принциптердің негізінде, Пекинде 27 июньнен 7 июльге дейін келіссөздер жүргізді.

Қытай Халық Республикасы жағынан келіссөздерге қатысқандар: ҚХР Мемлекеттік советінің премьері Чжоу Энь-лай, премьердің орынбасары Чэнь Юнь мен Дэн Сяопин, сыртқы істер министрінің орынбасарлары Чжан Вэнь-тянь мен Ван Цзя-сян, Құрылыс істері жөніндегі Мемлекеттік комитеттің председатели Бо И-бо, Темір жолдар министрі Тэн Дай-чунь, Сыртқы сауда министрі Е Цзи-чжуан, Жоғары білім министрі Ян Сю-фын.

Вьетнам Демократиялық Республикасы жағынан келіссөздерге қатысқандар: ВДР президенті және премьер-министрі Хо Ши Мин, Вьетнам еңбекшілер партиясының бас секретары Труонг Шин, ВДР Финанс министрі Ле Ван Хьен, Өнеркәсіп және сауда министрі Фан Ань, Оқу министрі Нгуен Ван Ксюен, Ауыл шаруашылығы мен орман шаруашылығы министрі Нгуен Ксюан Нем, Сыртқы істер министрінің орынбасары Унг Ван Ксьем, президент кеңесінің бастығы, министр орынбасарының рангіндегі Нгуен Дуи Тринь, Денсаулық сақтау министрінің орынбасары Фам Нгок Тханк, ВДР-дің ҚХР-дегі елшісі Хоанг Ван Хоан.

Келіссөздердің барысында екі жақ ҚХР мен ВДР үшін ортақ маңызы бар мәселелерді, сонымен қатар кәзіргі халықаралық жағдайда елеулі маңызы бар мәселелерді талқылады.

Екі жақ келіссөздер кезінде мынаны қанағаттанғандықпен атап көрсетті: Женева кеңесінде белгіленген, әскерлерді шоғырландыру және қайта орналастыру жөніндегі жұмыс кәзіргі өзінде-ақ аяқталды. Индия өкілінің председателдік етуімен Индияның, Польшаның және Канаданың өкілдерінен құрылған, үш мемлекеттің Индо-Қытайға арналған бақылау және қадағалау жөніндегі халықаралық комиссиясы Женева келісімдерінің орындалуын бақылаудың және қадағалаудың барысында маңызды үлес қосты.

Келіссөздерге қатысқан екі жақ болашақта бақылау және қадағалау жөніндегі Халықаралық комиссия Женева келісімдерін толық жүзеге асыруды қамтамасыз ету ісінде

Бірақ екі жақ сонымен қатар мынаған назар аударады: Женева келісімдерін жүзеге асырудың барысында кедергілер мен бұзушылықтар кездесті, ал кәзіргі уақытта бұл келісімдерді бұзудың жаңа қатері туып отыр. Женева кеңесінен кейін көп ұзамай АҚШ үкметі, Женева келісімдерін бұза отырып, Оңтүстік Вьетнамды, Камбоджаны және Лаосты Манила договоры бойынша «қорғаныс» ауданы дейтінге қосты, сонымен қатар Оңтүстік Вьетнамды АҚШ-тың отарына және соғыс тірегіне айналдыру үшін Оңтүстік Вьетнамның жергілікті әскерлерін қаруландырып, үйретуді күшейтті. Кәзіргі уақытта АҚШ Вьетнамда жалпы бірдей сайлау жайында консультациялар өткізуге бұрынғыдан анағұрлым белсене кедергі жасап, Вьетнамда бейбітшілікті баяндайтын ету және елді біріктіруге жүзеге асыру ісін сәтсіздікке ұшыратуға тырысуда. АҚШ үкметі, Женева келісімдерін бұзып, Камбоджамен соғыс көмегі туралы келісімге қол қойды, мұның үстіне, Лаос пен Камбоджаның бейтараптылығын бұзып, Индо-Қытайда бейбітшілік ісіне қатер төндіру үшін Лаоспен осындай келісім жасасуға тырысуда. Келіссөздерге қатысқан екі жақ бірауыздан былай деп санайды: Женева келісімдерін бұзатын бұл сыяқты әрекеттер тоқтатылуға тиіс, ал Женева келісімдері толығымен жүзеге асырылуға тиіс.

Бүкіл елде жалпы бірдей сайлау өткізу жолымен Вьетнамды бейбітшілікпен біріктіру жайында Женевада қол жеткен келісімге сәйкес Вьетнамның екі бөлігінің компетентті өкмет орындары 1955 жылғы 20 июльде жалпы бірдей сайлау мәселесі жөнінде консультация жүргізе бастауға, сөйтіп 1956 жылғы июльде Индияның, Польшаның және Канаданың өкілдерінен құрылатын Халықаралық комиссияның бақылауымен жалпы бірдей еркін сайлау өткізуге және бүкіл Вьетнамды біріктіруге ісін жүзеге асыруға тиіс. Вьетнам Демократиялық Республикасының үкметі Женева келісімін адалдықпен жүзеге асыра беруге берік бел байлап отыр және жалпы бірдей сайлауға қатысы бар мәселелерді Оңтүстік Вьетнамның компетентті өкмет орындарымен талқылауға өзінің әзір екендігін бұған дейін жариялады.

Келіссөздерге қатысқан екі жақ Женева кеңесіне қатысушы елдер Женева келісімдерін жүзеге асыруды қамтамасыз етуге жауапты деген бірауызды пікірге келді. Екі жақ 1955 жылғы 22 июльде ССРО Министрлер Советінің Председатели мен Индия премьер-министрінің Бірлескен мәлімдемесінде жасалған үндеуге толығымен және бүтіндей қосылады, атап айтқанда, келісімдердің шарттарын орындау ісі өздеріне байланысты барлық үкметтер өз міндеттемелерін орындау үшін мүмкін

ғымен қол жететін болуға тиіс, ал саяси жағдайды реттеудің алғышарты ретінде сайлау өткізуге тиіс болатын жерлерде, мүдделі үкметтердің күш-жігері келісімдердің шарттарын толығымен жүзеге асыруға бағытталған болар еді. Келіссөздерге қатысқан екі жақ, Солтүстік пен Оңтүстіктің екіжақты келіссөздерінде және елді біріктіру мақсатымен жалпы бірдей еркін сайлау өткізуде Вьетнам халқының жұмсап отырған күш-жігерін барлық бейбітшілік және Женева келісімдерін қолдап отырған мемлекеттер мен халықтар барынша сөзсіз қолдайды деп, кәміл сенеді.

Азия мен Африка елдерінің тарихи маңызы бар конференциясы әлеуметтік системалары әртүрлі мемлекеттердің ынтымақтасып жұмыс істеуінің өнегесін көрсетті. Келіссөздерге қатысқан екі жақ Азия мен Африка елдері конференциясының күн сайын артып отырған ықпалын қанағаттанғандықпен қадағалауда. Келіссөздерге қатысқан екі жақ соңғы уақытта Совет Одағы, Индия және басқа бейбітшілік мемлекеттер жасаған және бейбітшілік ісін дамытуға атсалысатын бір-қатар маңызды қатамдарды қызу қолдап отыр. Бейбітшілік елдер мен халықтардың күш-жігері арқасында халықаралық шиеленістің бәсеңдеген белгілері көріне бастады. Бірақ жаңа соғыс қатері әлі де жойылған жоқ. Халықаралық жағдайдағы шиеленіс әлі де түбірінен жақсартылған жоқ, ал кейбір ірі мемлекеттердің басшы-қайраткерлері өздерінің «күш көрсету тұрғысындағы саясаты» дейтінді әлі де қолданып келеді. Екі жақ былай деп санайды: өзінің негізінде соғыс блоктарын құруды, соғыс базаларын салуды, жанталаса қарулануды және соғыс насихатын көздейтін «күш көрсету тұрғысындағы саясат» бүкіл дүние жүзінде бейбітшілік орнатуды және коллективтік хауіпсіздікті жақтап отырған бүкіл дүние жүзі халықтарының көкейтесті ортақ мүдделеріне толығымен қайшы келеді.

Келіссөздерге қатысқан екі жақ бейбіт қатар өмір сүрудің бес принципінің мемлекеттердің барған сайын көп бөлегі танып, қабылдап отырғанын қанағаттанғандықпен атап көрсетеді.

Екі жақ былай деп мәлімдейді: Қытай Халық Республикасы мен Вьетнам Демократиялық Республикасы бейбіт қатар өмір сүрудің бес принципіне сәйкес барлық елдермен оңды және достық қатынастар орнатуды тілейді, әсіресе өздерінің төңірегіндегі мемлекеттермен тату көршілік қатынастар орнатуды тілейді.

Қытай халқы мен вьетнам халқы өздерінің ұлттық азаттығы жолындағы күрестің барысында орташа да бір-біріне төрең тілектестік білдіріп, бір-бірін қолдап келді. Кәзіргі уақытта қытай халқы өз отанының суверенитетін және террито-

ету үшін күресуде. Вьетнам халқы кәзіргі уақытта, Оңтүстік пен Солтүстік арасында келіссөздер жүргізу және еркін сайлау өткізу жолымен елді біріктіру мақсатын көздеп, бейбітшілік, біртұтас, тәуелсіз, демократиялық, көркейіп-гүлденген, күшті, жаңа Вьетнам орнату үшін күресуде. Келіссөздерге қатысқан екі жақ Қытай халқы мен Вьетнам халқы жүргізіп отырған әділетті күреске толық тілектестігін және оны қолдайтынын білдіреді, сонымен қатар олардың күресі сөзсіз жеңіске жететініне кәміл сенеді.

Екі жақ бірауыздан былай деп санайды: Қытай Халық Республикасы мен Вьетнам Демократиялық Республикасының экономикалық және техникалық ынтымағы екі елдің халықтарының бейбіт құрылыс ісіндегі күш-жігеріне атсалысатын болады.

Вьетнам халқының ұзақ соғыстан болған жарақатты жазып, халықшаруашылығын қалпына келтіруге және өркендетуге көмектесу үшін, Қытай Халық Республикасының үкметі Вьетнам Демократиялық Республикасының үкметіне 800 миллион юань қаржыны тегін беруге ұйғарды. Қытай Халық Республикасының үкметі бұл қаржыны темір жолдарды, өзен пристаньдерін және тас жол көпірлерін жөндеп, қалпына келтіруге, сонымен қатар ескі жіп иіру фабрикаларын, былғары заводтарын, медициналық жабдықтар, электр жабдықтарын, ауылшаруашылық құрал-саймандарын, қағаз, тағы сондайларды жасайтын кәсіпорындарды қалпына келтіруге және бұларды жаңадан салуда Вьетнамға көмек көрсетуге бағыттайды. Екі жақ сонымен қатар өз мемлекеттері жан-жақты техникалық ынтымақты жүзеге асырады деп бірауыздан келісті. Қалпына келтіруді және жаңадан салуды Вьетнам қажет деп санайтын заводтарды, темір жолдарды, тас жолдарды, көпірлерді, тағы басқаларды жобалауда және салуда Қытай көмек көрсетеді, сонымен қатар Вьетнамға техникалық қызметкерлер жібереді. Сонымен бірге Вьетнам өз жұмысшыларын Қытайда оқып үйрену үшін өндірістің кейбір салаларына жібереді.

Екі елдің халық шаруашылығын өркендетуге және халықтарының тұрмысын жақсартуға атсалысу үшін екі жақ сонымен бірге теңправольлық және өзара тиімділік принципі негізінде өзара сауданы бірте-бірте ұлғайтуға да келісті.

Келіссөздерге қатысқан екі жақ шын ниеттілік және бірауыздылық жағдайда жүргізілген осы келіссөздер екі елдің халықтарының бірлігі мен достығын күшейту мүдделеріне ғана және олардың әділетті күресінің мүдделеріне ғана қызмет етіп қоймайды, сонымен бірге бүкіл дүние жүзі халықтарының бейбітшілікті сақтау жолындағы күресінің ортақ ісінің мүдделері-

„Женьминьжибао“ ҚХР мен ВДР үкмет делегацияларының арасындағы келіссөздер туралы

ПЕКИН, 9 июль (ТАСС). Қытайдың барлық баспасөзі Пекинде аяқталған ҚХР мен ВДР үкметтері делегацияларының арасындағы келіссөздерге үлкен назар аударуда.

«Женьминьжибао» газеті «Қытай—Вьетнам достық қатынастарын бұдан былай да ұлғайту үшін» деген бас мақаласында былай деп жазады: ҚХР мен ВДР үкмет делегацияларының басынан аяғына дейін шын пейілді және достық жағдайында өткен келіссөздерінде екі елдің мүдделеріне қатысы бар барлық мәселелерде, сонымен бірге халықаралық жағдайдың маңызды мәселелерінде де толығымен бірауызды пікір бар екендігі айқындалды. Екі үкмет те Азиядағы және бүкіл дүниежүзіндегі бейбітшілікті қорғауға, әсіресе Женева келісімдерінің толық жүзеге асырылуына бағытталған күш-жігерді алдағы уақытта да бірлесе жұмсай беретін болады. Екі ел келіссөздері нәтижесінде, бұл елдер халықтарының өздерінің ұлттық тәуелсіздігі жолындағы, бейбітшілік жолындағы әділетті күрестерінің күшейе түсуі үшін зор маңызы бар екендігі анық.

Бұл тарихи келіссөздер, деп жазады газет, қытай-вьетнам достық қатынастарының бұдан әрі де ұлғая беретіндігін көрсетеді. Қытай және вьетнам халықтарының өміріндегі зор оқиға болып табылатын осы келіссөздердің нәтижелерін қытай халқы қызу құттықтайды.

Бейбітсүйгіш мемлекеттер мен халықтар, деп атап өткен бұдан әрі газет, Женева келісімін бұзуға тырысып отырған АҚШ-тың әрекетіне батыл қарсы шығады және сонымен бірге екі жақтың, да—Вьетнамның оңтүстігі мен солтүстігінің—консультациялар алысу жолымен елді

біріктіру және жалпыға бірдей еркін сайлау өткізуді жүзеге асыруға күш салып отырған вьетнам халқын толығымен қолдайды. Кәзіргі уақытта барлық мүдделі мемлекеттер практикалық қыймылдар жасап, Вьетнамның оңтүстігі мен солтүстігінің арасында келісім жасауға және жалпыға бірдей сайлауды мерзімінде өткізуді қамтамасыз етуге ат салысуларының зор маңызы бар. Барлық мүдделі елдердің беріктігі және табандылығы болған күнде Женева келісімдерінің толығымен жүзеге асырыла алатындығына қытай халқы берік сенеді.

Қытай және вьетнам халықтарының арасында, деген бұдан әрі газет, дәстүрлі достық, өзара қамқорлық пен өзара көмек өмір сүріп отыр. Соңғы жылдарда теңправольлық және өзара тиімділік негізінде екі елдің арасында экономикалық және мәдени қарым-қатынастар ұлғайтылды. Өткен жылдың декабрында транспорт пен суландыру мәселелері жөніндегі келіссөздердің барысында екі елдің арасында бұл елдердің экономикалық ынтымағын күшейтетін келісімге қол жетті. Үстіміздегі жылғы саудаға товар айналымын өткен жылдармен салыстырғанда төрт есе арттыру қарастырылған.

Көп жылғы соғыстан түскен жарақатты емдеуде, шаруашылықты қалпына келтіріп, өркендетуде вьетнам халқына көмек көрсету үшін Қытай ВДР үкметіне 800 миллион юаньді жай береді.

Қытай—вьетнам достығының өркендеуі Азиядағы және бүкіл дүниежүзіндегі бейбітшілікті қорғау ісіне елеулі үлес қосатындығы күмәнсіз, деп мәлімдейді газет қортындысында.

Францияның ұлттық жыйналысында

ПАРИЖ, 9 июль (ТАСС). Бүгін жергілікті уақыт бойынша ертеңгі сағат 2-ге Францияның ұлттық жыйналысында үстіміздегі жылғы 3 июльде Парижда қол қойылған Туниске «ішкі автономия» беру туралы француз-тунис конвенциясын беріту туралы, 3 күнге созылған айтыс аяқталды.

Айтыстың барысында Солтүстік Африкадағы француздық колониалдық топтармен байланысты барып тұрған оңшыл топтардың өкілдері бұл конвенцияға қарсы шығып, олар Францияның Тунистегі мүдделері мен ықпалына «нұқсан» келтіру болып табылады-мыс, олар Францияның халықаралық мәртебесіне «соққы болып тиеді»-мыс дегенді айтты. Олардың сөздері түгелімен француз колонизаторларының артықшылықтарын жанталаса қорғауға және Тунистегі ұлт азаттық қозғалысына келісімсіз дұшпандыққа арналды.

Ұмтылып отырған халықтың қарсылығын күш жұмсау арқылы басудың мүмкін еместігін атап көрсетті. Роше француз-тунис конвенциясын сынап, оларда тунис халқының көптеген заңды праволарына нұқсан келтіретін жарамсыз сыйпаттар бар екенін баса айтты. Ол былай деді: бұл конвенция арқылы тунис үкметі 20 жыл мерзім бойына армияға, өзінің сыртқы қатынастарына басшылық жасаудан айрылып қана қоймайды, сонымен бірге шын мәнінде полиция мен жандармерияға басшылық жасаудан да қол үзеді. Француз өкмет орындары, деді бұдан әрі Роше, бұрынғысына Тунистің бүкіл территориясын, оның шекарасын, жағалаудағы сулары мен порттарын, аэродромдары мен әуе қатынастары жолдарын бақылайтын болады. Сонымен бірге тунис экономикасы да француз-тунис-тамбжалық одағы мен ірі колониалдық компаниялар позицияларының қол сұғылмайтындығын сақтау күшіне Францияға

онан әрі белсенді роль атқара алады деп үміттенетінін білдіреді.

болған шаралардың бәрін істеуге тиіс, сөйтіп келісімдердің мақсаттарына толы-

риясының тұтастығын қорғау, өзінің территориясы —Тайвань аралын азат

де».

ЮФХР Президенті мен Индияның Премьер-Министрінің бірлескен декларациясы

БЕЛГРАД, 8 июль (ТАСС). Югославия Федерациялық Халық Республикасының Президенті Иосип Броз-Тито және Индияның Премьер-министрі Джавахарлал Неру келіссөздер аяқталғаннан кейін, бірлескен декларацияға қол қойды, онда, атап айтқанда, былай делінген:

Индия Республикасының Премьер-министрі Джавахарлал Неру Югославия Федерациялық Халық Республикасына ресми сапармен келіп, мұнда 30 июньден 7 июльге дейін болды, сөйтіп Югославия Федерациялық Халық Республикасының Президенті Иосип Броз-Титоның 1954 жылғы декабрьде Индияда болған сапарына жауап берді.

Бұл сапар кезінде Югославия Федерациялық Халық Республикасының Президенті мен Индия Республикасының Премьер-министрі келіссөздер жүргізді, осы келіссөздердің барысында халықаралық жағдайдың жалпы дамуы туралы да, сондай-ақ екі елдің арасындағы қатынастар туралы да кең пікірлер алысылды. Шын пайдалы жағдайда өткен бұл келіссөздер барлық талқыланған мәселелерге көзқарастың бір жерден шығып отырғанын көрсетті.

«Республика Президенті мен Премьер-министр, —делінген декларацияда бұдан кейін, —мынаны атап көрсетті: соңғы уақытта, осындай дамуды қиындататын пайғырлардың бар екеніне қарамастан, жалпы халықаралық жағдай жақсарды, ал халықаралық проблемаларды келіссөздер жүргізу және халықаралық келісім жасау жолымен шешуге ұмтылған талап кү-

шейін, мұның өзі кезірде-ақ кейбір маңызды нәтижелер берді. Бұл талаптар Азия мен Африка елдерінің Бандунгтегі конференциясында, Австрия мемлекеттік договорына қол қоюда, қарусыздандыру туралы мәселе жөніндегі көзқарастардың едәуір жақындаса бастағанында, Белградта жүргізілген Югославия-Совет келіссөздерінің және Москвада жүргізілген Индия-Совет келіссөздерінің барысында, сонымен қатар БҰҰ-ның он жылдығымен байланысты Сан-Францискода болған мерекелі сессияда айқын бейнеленді. Францияның, Англияның, ССРО-ның және АҚШ-тың үкімет басшыларының алдағы кездесуі дәл осы рухқа бөленіп, халықаралық жағдайды жақсарту ісіне жаңа үлес қосады деген елеулі үміт туып отыр».

«Халықаралық қатынастарда барған сайын көбірек сену және ынтымақтау жағдайын тудыру, — деп көрсетілген декларацияда,— шешілмеген халықаралық проблемаларды түбірінен шешуге және дүние жүзінде хауіпсіздік орнатуға анағұрлым кең мүмкіндіктерді қамтамасыз етеді. Қарусыздандыру және атом қару-жарағына тыйым салу, бұған халықаралық пәрменді бақылау қою туралы мәселенің ерекше маңызы бар. Кең көлемді халықаралық ынтымақ жолымен атом қуатын бейбіт мақсаттарға пайдалану саласында едәуір нәтижелерге жетуге болады, ал бұл жарыялан алғанда атом қуатын бейбіт мақсаттарға пайдалану мәселелері жөнінде Женевада болатын алдағы конференцияның зор маңызы болады.

Мәрдәмсіз өркендеген елдерді өркенде-

ту проблемасының сол мәрдәмсіз өркендеген елдердің өздерінің мүдделері үшін де, сондай-ақ тұтас алғанда халықаралық экономика мен бүкіл дүние жүзіндегі бейбітшіліктің мүдделері үшін де зор маңызы бар, сондықтан бұл халықаралық ынтымақтау жолымен нақтылы және пәрменді шаралар қолдануды талап етеді. Осы проблеманы және бұдан басқа барлық шешілмеген халықаралық проблемаларды шешуде қол жеткен табыстың қандай болса да халықаралық жағдайды жақсарту процесін жеңілдететін болады. Атап айтқанда, герман мәселесі мен Тайвань туралы мәселенің ерекше маңызы бар, бұларды бейбітшілікпен шешу бүкіл дүние жүзінде бейбіт даму және ынтымақтау үшін жаңа мүмкіндіктер тудырады.

Жақсара бастаған халықаралық жағдайлар БҰҰ-ның халықаралық тұрмыстағы ролін күшейтуді талап етеді және сонымен бірге оған мүмкіндік береді. БҰҰ-ның осындай ролді ойдағандай атқара алатын болуы үшін, ең алдымен, Қытай Халық Республикасының БҰҰ-да өкілдігі болуы жөніндегі заңды праволарын тану және БҰҰ Уставының талаптарына сай келетін барлық мемлекеттерді осы ұйымның мүшелігіне алу жолымен БҰҰ-ны ікемді жан-жақты ұйымға айналдыру керек.

Республика Президенті мен Премьер-министр өз елдерінің арасында саяси ынтымақтың дамып отырғанына қанағаттанатынын білдіреді. Өздерінің бірлескен бірінші мәлімдемесінде баяндалған халықаралық ынтымақтау және бейбітшілікке белсене қатар өмір сүру принциптерін

өзара қатынастарында басшылыққа ала отырып, Индия мен Югославия өзара жақындасуға жетті және өз халықтарының сезімдерін білдіретін жылы шырайлы достық қатынастарын орнатты. Республика Президенті мен Премьер-министр екі елдің арасында, орыс отырған достық рухында, ағымдағы маңызды саяси мәселелер жөнінде оқтын-оқтын пікірлер алысып отырғысы келетінін білдірді.

Республика Президенті мен Премьер-министрі екі елдің арасындағы экономикалық қатынастарды талқылап, товарлар алысудың көлемі өздерінің арасындағы тығыз қатынастарға сай болмай отыр деген қорытындыға келді. Сауда және экономикалық ынтымақты дамыту мақсаттары үшін экономикамен өзара неғұрлым жақсы танысу қажет. Осы мақсатпен тиісті жақтар тезінен экономикалық миссиялар алысу туралы келісімге жетті, бұл миссиялар экономикалық ынтымақтың мүмкіндіктерін анықтаған болар еді және бұл ынтымақтың нақты шаралары мен формаларын ұсынған болар еді. Олар сонымен қатар екі елдің арасында ғылым мен техника саласында өзара ынтымақты дамыту туралы да келісті.

Республика Президенті мен Премьер-министр екі елдің арасындағы экономика-мәдениет мұралары мәдени ынтымақ үшін кең мүмкіндіктерді қамтамасыз етеді деп келісті. Бұл ынтымақ қолайлы түрде дамып келеді, сөйтіп өзара танысуға және жақындасуға атсалдырып келеді. Олар мәдени ынтымақтың әртүрлі формаларын дамыту үшін өз елдері мүмкін болған күн-жігердің бәрін жұмсайды деп келісті».

мент топтарының өкілдері бұл конвенцияның кейбір жақтарын сынағанымен де, тұтас алғанда оларды бекітуді жақтады, бүйтпеген жағдайда Тунисте және Солтүстік Африканың басқа елдерінде ұлт азаттық күресінің бұдан да күшті жалын-ы бүрк етуі мүмкін дегенді атап көрсетті. Үкмет басшысы Эдгар Фор өзінің сөзінде былай деп мәлімдеді: Солтүстік Африкадағы кәзіргі жағдайға байланысты «кейін шегіну жөнінде ешқандай сөз болмауға тиіс». . . және сонымен бірге «тунисте халқына ішкі автономия беруден бастартуға болмайды».

Кешегі күндізгі мәжілістің бас кезінде сөз сөйлеген депутат-коммунист Вальдек Роше француз-тунисте конвенциясына терең талдау жасады. Ол ұлттық тәуелсіздікке

тәуелді болып қалады.

Алайда, коммунистердің пікірінше, деді Вальдек Роше, француз-тунисте конвенциясы тунистің тәуелсіздігіне апаратын жолмен алға қадам басқандық болып табылады. Сондықтан да ұлттық жыйналыстың коммунистер тобы конвенцияның бекітілуін жақтап дауыс беруге ұйғарды.

Бұдан кейін дауыс беру тәртіптері жөніндегі бірешпыра сөздерден кейін және конвенцияларды бекітуді қандайда болмасын бір дәлел тауып, кейінге қалдыруға тырысқан барып тұрған оңшыл топтардың кейбір түзетулері мен ұсыныстарын қабылдамай тастағаннан кейін, конвенция дауысқа қойылды. Олардың бекітілуін жақтап 540 дауыс, қарсы 43 дауыс берілді, 44 дауыс қалыс қалды.

Батыс державалары сарапшыларының Париждегі кеңесі

ПАРИЖ, 9 июль (ТАСС). Кеше француздың сыртқы істер министрлігінде Англияның, Францияның және Құрама Штаттары сарапшыларының кеңесі ашылды, ол таяу уақытта болатын Женева келісінде 3 батыс державаларының үкмет басшылары ұстайтын позицияны әзірлеу мақсатын көздейді. Сарапшылар кеңесіне сонымен бірге Батыс Германия делегациясы да қатысып отыр.

Баспасөздің хабарларынан анық болып отырғанындай, Париж кеңесінде талқыланатын бірешпыра маңызды мәселелер жөнінде батыс державаларының ортақ пікірі жоқ. «Пари-Пресс-Энтарсижан» газеті былай деп атап көрсетеді: алауыздық, атап айтқанда, қарусыздандыру проблемасы жөнінде, ең алдымен Герман мәселесі жөнінде болып отыр.

ПАРИЖ, 9 июль (ТАСС). Бұрын хабар етілгеніндей, француздың сыртқы істер министрлігінде төрт держава үкмет басшыларының таяу уақытта болатын Женева кеңесімен байланысты, Герман Федералдық Республикасы өкілінің қатысуымен Англия, Франция және АҚШ сарапшыларының кеңесі өтіп жатыр. «Юманите» газетінің айтуына қарағанда, са-

рапшылар кеңесіне Батыс Германия өкілдерінің қатыстырылуы жөніндегі ұсыныс «кейбір қарсылықтар» тудырды, алайда олар АҚШ-тың қысым жасауымен тез арада жойылды.

Париж баспасөзінің атап көрсетуіне қарағанда, кеңесте сарапшылардың екі тобы әзірлеген: бір тобы—Воннда герман мәселесі жөнінде және екінші тобы—Вашингтонда хауіпсіздік проблемасы жөніндегі баяндамалар зерттелуде.

Баспасөз берген түсініктерден бірешпыра елеулі мәселелер жөнінде, сол сияқты Женева кеңесінің мақсатына байланысты 3 батыс державалардың арасында елеулі алауыздықтар бар екендігі анықталып отыр. «Юманите» газеті бұл жөнінде былай деп жазады: «Американ дипломаттарының мақсаты —тезистер жайында ағылшындар мен француздардың толық келісін алуға жетісу, бұл келісімдерді олар совет ұсынысына қарама-қарсы қоймақ болып отыр. Батыс державаларының арасындағы барып тұрған елеулі алауыздықтың герман мәселесіне қатысы бар».

Редактор Г. МҰХАМЕДЖАНОВ.

Аналардың Бүкіл дүниежүзілік конгресінде

ЛОЗАННА, 10 июль (ТАСС-тың арнаулы тілшісі). Аналардың Бүкіл дүниежүзілік конгресінің кешегі мәжілісінде совет композиторы А. Новиковтың ақын Л. Ошаниннің сөзіне жазып, конгреске арнаған өлеңі пленка арқылы тыңдалды. Конгресс делегаттары бұл сыйлықты ұзаққа созылған қолшапалақтаумен қарсы алды. Жаңа әнді, конгресс председателінің айтуына қарағанда, бақыт, бостандық және бейбітшілік жолында күресуші бүкіл дүние жүзінің әйелдері орындайтын болады.

Бұдан кейін Алжир аналарының делегатына сөз берілді. Ол осы елдің негізгі тұрғындарының ауыр, правосыздық жағдайы туралы айтты.

— Францияның аналары! деп үн тастады ол. Сіздердің балаларыңызды, ерлеріңізді және туысқандарыңызды Алжирге жіберуге және олардың менің елімнің адамдарын өлтірулеріне жол бермедер!

Бұл шақыруға жауап ретінде француз әйелдері өкілдерінің бірі баласы Алжирде

қаза тапқан француздық ананың жолдама хатын оқыды. Жолдамада былай делінген: Бүкіл жер шарының аналары соғысқа қарсы күресте өзінің күшін біріктіруге тиіс.

Бүкіл залдың қолшапалақтауы астында француз әйелдерінің делегациясы олардың бейбітшілік және ұлттық бостандық жолындағы күресіне ынтымақ ретінде Алжирдің, Тунистің, Марокконның және Францияға тәуелді басқа да территориялардың аналарына гүлдер әкелін берді.

Нерудің Лондонға келуі

ЛОНДОН, 9 июль (ТАСС). Рейтер агенттігінің хабарлауына қарағанда, Индия Республикасының Премьер-Министрі және Сыртқы Істер Министрі Джавахарлал Неру кеше кешке Римнен Лондонға келген. Аэродромда Неруді Англияның премьер-министрі Антони Иден мен Нерудің апасы —Индияның Англиядағы жоғарғы комиссары Виджайя Лакшми Пандит ханным қарсы алды.



«УДАРНИК» кинотеатрында

«ОЖЕТ ҚЫЗ»

Сеанстар кешкі сағат 5, 7, 9, 11-де басталады.

«ОКТЯБРЬ» кинотеатрында

күндізгі сағат 3-ге

«ХАЛЫҚАРАЛЫҚ КОНЦЕРТ» «КАРОЛА ЛАМБЕРТИ»

Сеанстар сағат 5, 7, 9, және 11-де басталады.

РЕДАКЦИЯНЫҢ АДРЕСІ: Қазақ ССР, Петропавл қаласы, Петренев көшесі, 92-үй. ТЕЛЕФОНДАР: редактор —1-86, редактордың орынбасары— 1-59, секретариат —1-33, партия және насихат бөлімдері —0-22, ауыл шаруашылығы, өнеркәсіп транспорт бөлімдері—2-36, мәдениет тұрмыс, хабар және тілшілер бөлімдері—3-39, корректорлар бюросы—4-39 газет баспасы—5-53, газет табыс етілмесе 1-19 телефон арқылы сөйлесуге болады.